

Әділетті Қазақстан

Халқымыздың төл мәдениеті салт-дәстүрден, әдет-ғұрыптан бастау алады. Ұлттық киімнің өзі – ұлт мәдениетінің жарқын көрінісі. Сондықтан ұлқыздарымыз ұлттық киімді Наурыз мейрамында я болмаса басқа мерекелерде жиі киіп жүрсе, керемет болар еді. Тек мерекеде емес, ұдайы киіп жүрсе де, жарасымды болатыны сөзсіз.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ



АУЫЛДАРДА ТҰРМЫС ДЕҢГЕЙІ ЖАҚСАРАДЫ

4


САЛТ-ДӘСТҮР



СЫЙЛЫҚ БЕРУДІҢ ДЕ ӨЗ ӘДЕБІ БАР

6

ТҰЛҒАТАНУ



БІЗ ОСЫ ТАҢЖАРЫҚТЫ БІЛЕМІЗ БЕ?

9

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

11.04.2023

Түнде:



+7+9 °C

Бұлтты, жаңбыр,
кей уақытта қатты найзағай.

Күндіз:



+11+13 °C

Бұлтты, жаңбыр,
кей уақытта қатты найзағай.



Желдің жылдамдығы:

3-8, найзағай кезінде екпіні 15 м/с

12.04.2023

Түнде:



+5+7 °C

Бұлтты, жаңбыр,
кей уақытта қатты найзағай.

Күндіз:



+13+15 °C

Бұлтты, жаңбыр,
кей уақытта қатты найзағай.



Желдің жылдамдығы:

3-8, екпіні 15 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Almaty

AQSHAMY



QR-кодты
СКАНЕРЛЕП,
САЙТҚА
ӨТІҢІЗ

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №46 (6339) 11 сәуір, сейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

[www.instagram.com/
aqshamy.official](https://www.instagram.com/aqshamy.official)

[www.facebook.com/
aqshamy.official](https://www.facebook.com/aqshamy.official)

[www.youtube.com/channel/
UCx3M2x1CHx6Br1JgqyqeA](https://www.youtube.com/channel/UCx3M2x1CHx6Br1JgqyqeA)

[web.telegram.
org/k/#@aqshamy_kz](https://web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz)

[vk.com/
aqshamy.official](https://vk.com/aqshamy.official)

[twitter.com/
aqshamy_kz](https://twitter.com/aqshamy_kz)

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

ЖОҒАРЫ МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ КЕҢЕС

екіжақты қатынастарға тың серпін береді



Қазақстан мен Әзербайжан Президенттері келіссөздер жүргізді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға ресми сапармен келген Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевпен кездесу өткізді.

Келіссөздер алдында «Ақорда» резиденциясында ресми қарсы алу рәсімі өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ильхам Әлиев бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылының бастығы мемлекеттер басшыларына рапорт беріп, екі елдің мемлекеттік әнұрандары шырқалды. Президенттер шағын құрамда келіссөз жүргізді. Содан кейін екі мемлекеттің ресми делегацияларының қатысуымен келіссөз кеңейтілген құрамда жалғасты.

2

РАМАЗАН – 2023

ҚАЗАҚТЫҢ ӘДЕТ-ҒҰРПЫ ІЗГІЛІККЕ ШАҚЫРАДЫ

әрбір салт-дәстүрдің терең тәрбиелік мәні бар



Мемлекет басшысының атынан Ақордада ауызашар берілді. Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде жиналған қауымды қасиетті Рамазан айымен құттықтап, бұл ай күллі мұсылман қауымы үшін ерекше уақыт екенін, жамағат осы айда ізгі амалдар жасап, мол сауапқа кенелетінін айтты. Халқымыздың дүниетанымына сай дәстүрлі исламды дәріптеу қажет екеніне назар аударды.

3

ҚЫСҚА...

- Президент Үкіметтің алдына жыл соңына қарай инфляция деңгейін екі есе төмендету міндетін қойды.
- Үкіметте инфляциялық пронестерді тежеу бойынша шұғыл шаралар қабылданып жатыр.
- Бүгін Үкімет үйінде Қазақстан Үкіметінің отырысы өтеді. Күн тәртібінде – алдағы жылыту маусымына дайындық барысы.
- Қазақстан Ұлттық банкі халықаралық аударымдарға қатысты алаяқтық әрекеттердің көбейгенін ескертті.
- Қазақстанда Airbus тікұшақтары құрастырыла бастады.
- Елімізде Microsoft-тың мультимедиялық хабы ашылады.
- Үкіметтік емес ұйымдарға (ҰЕҰ) арналған ұзақ мерзімді мемлекеттік гранттар конкурсының қорытындылары белгілі болды.
- Гранттар қаржыландыру көлеміне, іске асыру мерзіміне байланысты қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді болып бөлінді.
- 1 қыркүйектен колледждерде алты бағыт және 16 пән бойынша жаңа үлгілік оқу бағдарламалары енгізіледі.
- МИБ онлайн тіркеу қызметі қазақстандықтарға қолжетімді.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркіменстан Халқ Мәжілісінің төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедовке анасы Оғулабат Бердімұхамедованың қайтыс болуына байланысты көңіл айту жөделхатын жолдады.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркіменстан Президенті Сердар Бердімұхамедовке көңіл айтты.

■ СЕНАТ

Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Палата Бюросының отырысы өтті. Онда VIII сайланған Парламенттің I сессиясына арналған Сенаттың негізгі іс-шаралар жоспары және II сәуірде өтетін Палатаның кезекті отырысының күн тәртібі бекітілді.

«Сенаттың жоспарында VIII шақырылымыдағы Парламенттің I сессиясының ашылуында Мемлекет басшысының жүктеген міндеттері мен Жолдауында берілген тапсырмалары ескерілген. Сондай-ақ Комитеттердің ұсыныстары да назарға алынды. Сенаторлар өткізетін әр іс-шараның нақты нәтижесі болуға тиіс. Кездесулер мен жиналыстарда тек мүдделі орталық мемлекеттік органдармен шектелмей, талқылауға ғалымдарды, қоғамдық көмекшілерді, сарапшыларды және бизнес өкілдерін жұмылдыру қажет. Жергілікті басқару органдары да іс-шараларымызға кеңінен шақырған жөн. Өйткені, алдымызда ауқымды міндеттер тұр, атқаратын жұмыс көп», – деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар, Бюро мүшелері Палатаның алдағы отырысының күн тәртібін бекітті.

■ МӘЖІЛІС

Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы Айгүл Құспан бастаған мәжілісмендер Еуропарламент депутаты Карстен Люкты қабылдады.

Биыл Қазақстан мен Еуроодақ дипломатиялық қарым-қатынастың орнағанына 30 жыл толуын атап өтпек. Тараптар парламентаралық ынтымақтастықты дамыту мәселелерін талқылады. Айгүл Құспан Қазақстан Еуропарламентпен ынтымақтастықты дамытуға үлкен мән беретінін, өткен жыл еліміз бен Еуропалық Одақ арасындағы қарым-қатынаста табысты болғанын атап өтті. «Мен үшін кеңседе отырып, құжаттармен ғана жұмыс істеуден гөрі серіктестермен жеке сөйлесу әлдеқайда маңызды. Сондықтан ашықтықтарыңыз үшін рахмет айтамын. Мұндай қарым-қатынас тараптардың бір-бірін көбірек түсінуіне мүмкіндік береді. Жанында тағы жүздесеміз деген үміттеміз. Еуропарламенттің халықаралық істер жөніндегі комитетінің делегациясы тамыз айында Қазақстанға келеді», – деді Еуропарламент депутаты Карстен Люке. Кездесу қорытындысы бойынша олар парламентаралық ынтымақтастықты нығайту, достық топтар арасындағы өзара іс-қимылды дамыту, жиірек іс-сапарлармен алмасуға келісті.

■ ҮКІМЕТ

Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау аясында ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – қаржы министрі Ерұлан Жамаубаевтың төрағалығымен өткен кеңесте жаңа Бюджет кодексін әзірлеу барысы талқыланды.

14 жыл ішінде Бюджет кодексіне 176 түзету немесе орта есеппен жылына 12 түзету енгізілген. Ол нәтижеге және жаңа Бюджет саясатына бағдарланған мемлекеттік жоспарлау жүйесін енгізу жөніндегі тұжырымдаманың ережелеріне негізделген. Жоба аясында бюджеттік өтім мен бағдарламаларды бірыңғай жоспарлау құжатына біріктіру арқылы бюджет процесінің мерзімдері мен кезеңдерін екі есе қысқарту ұсынылады. Сонымен қатар, бюджет процестерін түбегейлі жеңілдету, салалық бюджет элементтері арқылы бюджет қаражатын жоспарлау мен пайдалану тиімділігін арттыру, нәтижелерді басқарудың жаңа құралдарын енгізу бойынша шаралар қабылданып болады. Қазіргі таңда мемлекет қаржысы тек бюджет аясында ғана есепке алынады. Бұл ретте елеулі мемлекеттік активтер бюджеттен тыс пайдаланылады. Осыған байланысты мемлекеттің нақты қаржы ресурстарын анықтау мүмкін емес. Кеңес қорытындысы бойынша Ерұлан Жамаубаев жаңа Бюджет кодексін әзірлеу кезінде қоғам өкілдерінің ұсыныстарын ескеруді тапсырып, жаңа құжат әр адамға түсінікті болуы тиіс екенін атап өтті.

■ МИНИСТРЛІК

2023 жылғы I сәуірдегі жағдай бойынша 4575 этникалық қазақ тарихи отанымен табысып, қандас мәртебесін алды. Жалпы 1991 жылдан бері республикаға 1 миллион 111,1 мың этникалық қазақ оралды, деп хабарлады ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі.

Жыл басынан Қазақстанға қандастарымыз Өзбекстаннан (52,4%), Қытайдан (19,3%), Түркіменстаннан (6,3%), Моңғолиядан (5,3%), Ресейден (13%), және басқа елдерден (3,7%) келген екен. Келген этникалық қазақтар негізінен Алматы (27,9%), Маңғыстау (13,9%), Түркістан (6,8%) және Жамбыл (5%) облыстарына, сондай-ақ Алматы (9,0%), Астана (11%) және Шымкент (6,5%) қалаларына қоныстанған. Биылғы I сәуірдегі жағдай бойынша еңбекке қабілетті жастағы этникалық қоныс аударушылар саны 69,1%-ды, еңбекке қабілетті жастағы кішілер 22,3%-ды және зейнеткерлер 8,6%-ды құрайды.

Еңбекке қабілетті жастағы қандастардың ішінде білім деңгейі бойынша 18,5%-ы жоғары білімді, 39,9%-ы орта кәсіби білімді, 36,7%-ы жалпы орта білімді, ал 4,8%-ының білімі жоқ.

■ ТУРИЗМ

Қазақстан Оңтүстік Кореяда өткен KOPIST 2023 (Кореяның тұрақты туризм бойынша әріптестік бастамасы) форумына қатысты. Форумға қазақстандық туризм саласының өкілдерімен қатар Филиппин, Индонезия, Вьетнам, Паравай, Лаос және т.б. елдердің мамандары қатысты.

Жиында елімізді ҚР МСМ Туризм индустриясы комитетінің төрағасы Дастан Рысбеков таныстырды. Панельдік талқылау барысында ол туристік нарық құрылымындағы негізгі өзгерістер және демалушылардың сұранысына ие бағыттар мен қызмет түрлері туралы айтты. Қазақстанда қабылданған туризм саласындағы кәсіпкерлерді мемлекеттік қолдау шаралары мен eҚонақ ақпараттық жүйесі шетелдік мамандардың ерекше қызығушылығын тудырды.

Бүгінде Қазақстанда туризм саласындағы кәсіпкерлерді мемлекеттік қолдаудың 7 тетігі бар. Олар: әрбір шетелдік турист үшін туроператорлардың шығындарын субсидиялау, балаларға ел ішінде авиабилеттердің құнын субсидиялау, кәсіпкерлердің тау шаңғысы жабдыктарын, көлік құралдарын сатып алуға (25%), жол бойындағы сервис объектілерін салуға, туристік объектілерді салуға және реконструкциялауға (10%) шығындардың бір бөлігін өтеу, сондай-ақ санитарлық-гигиеналық тораптарды ұстауға арналған субсидиялар (айына 83 300 теңге).

(Дереккөздер: akorda.kz; parlam.kz; primeminister.kz; «АҚШАМ-АҚПАРАТ»).

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

ЖОҒАРЫ
МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ КЕҢЕС

екіжақты қатынастарға тың серпін береді

Қазақстан мен Әзербайжан Президенттері
келіссөздер жүргізді

(Басы I-бетте)

Шынайы стратегиялық
серіктестік

Тараптар саяси, сауда-экономикалық, көлік-транзиттік, мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты нығайтуға ерекше назар аудара отырып, Қазақстан мен Әзербайжан арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастықтың негізгі мәселелерін жан-жақты талқылады.

Мемлекет басшысы екі ел арасындағы ынтымақтастықты нығайту үшін Әзербайжан Президентінің бұл сапарының маңызы зор екенін айтты.

– Әзербайжан – бізге маңызды және сенімді серіктес қана емес, бауырлас әрі жақын мемлекет. Ғасырлар бойы қалыптасқан достық пен өзара қолдаудың мызғымас байланыстарына сүйене отырып, біз бүгінде шынайы стратегиялық серіктестік пен одақтастық рухында дамып келе жатқан тиімді мемлекетаралық ынтымақтастықты жолға қойдық. Елдеріміз арасында қарқынды және сенімді саяси диалог орнады. Үкімет деңгейінде үйлесімді жұмыстар атқарылып, көпжақты платформалар аясында сындарлы өзара іс-әрекет жүргізіліп келеді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев екі ел арасында ауқымды шарттық-құқықтық база қалыптасқанына тоқталды.

– Біз былтыр Стратегиялық қатынастарды нығайту және одақтастық ынтымақтастықты тереңдету туралы декларацияға, сондай-ақ Ынтымақтастықты дамытудың 2026 жылға дейінгі кешенді бағдарламасына қол қойдық. Бүгін тағы бірқатар маңызды құжат қабылданады. Сонымен қатар, Сіздің бүгінгі сапарыңыз аясында ынтымақтастығымыздың саяси тұғырнамасына тың серпін беретін Жоғары мемлекетаралық кеңес құрамыз. Бұл екіжақты қатынастарға тың серпін беретіні сөзсіз, – деді Мемлекет басшысы.

Биыл Әзербайжанда
Қазақстанның
мәдениет күндері өтеді

Президенттер екі елдің сауда-экономика саласындағы қарым-қатынастарының айтарлықтай ілгерілеп келе жатқанына көңілдері толатынын мәлімдеді. Былтыр екіжақты тауар айналымы 40 пайызға артып, жарты миллиард долларға жетті. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Әзербайжанның экономикалық әлеуетін толыққанды пайдалана отырып, бұл көрсеткішті 1 миллиард долларға дейін жеткізуге мүмкіндік бар деп санайды.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы қазақ-әзербайжан қатынасындағы ынтымақтастықтың ерекше рөл атқаратынына назар аударды. «Екі елдің мәдени онкүндігін өткізу туралы уағдаластықты ерекше атап өткім келеді. Биыл Әзербайжанда Қазақстанның мәдениет күндері өтеді. Бүгін біз құрметті Әзербайжан Президентімен бірге көрнекті мемлекет қайраткері Гейдар Әлиев атындағы көшені ашамыз. Бұл игі шара әзербайжан халқының біртуар перзентінің жүз жылдығына орай өткізіліп отыр. Елдеріміздің шынайы достығы мен өзара қолдауының тағы бір айқын дәлелі – қазақ халқының Әзербайжанға тартуы Физули қаласындағы Құрманғазы атындағы балалар шығармашылық орталығы. Бұл нысанның құрылысы қарқынды жүріп жатқаны жөнінде маған мәлімдеді. Осы маңызды нысанның іске қосылуын жуық арада көре аламыз деп ойлаймын. Біз гуманитарлық байланыстарды жан-жақты дамытып, ортақ рухани және мәдени құндылықтарды байытуға ниеттіміз», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ынтымақтастық пен
одақтастықтың
жаңа деңгейі

Өз кезегінде Ильхам Әлиев Астанаға шақырғаны және қазақ

халқының дәстүрлі қонақжайлығы үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа тағы да алғыс айтты.

– Ең алдымен, Қазақстанға ресми сапармен шақырғаныңыз үшін тағы да алғыс айтамын. Бауырлас қазақ жеріне келгеніме қуаныштымын. Біздің қарым-қатынасымыз нығайып келеді. Халықтарымыздың арасындағы байланыстың тарихы терең әрі біз әрдайым бір-бірімізге бауыр ретінде қараймыз. Бүгін осы берік іргетастың негізінде келешегімізді бірге құрып жатырмыз. Біз бұған дейін талқылаған ынтымақтастықтың барлық саласының әлеуеті мол. Гуманитарлық саладағы ынтымақтастықтың айрықша маңызы екенін айта кеткім келеді. Қазақстанның Әзербайжандағы, сондай-ақ Әзербайжанның Қазақстандағы мәдениет күндерінің ұйымдастырылуы елдерімізді одан әрі жаяқындата түсіп, халықтарымыздың терең тарихы мен бай мәдениетін паш етеді. Біздің ойымызша, мемлекетаралық қарым-қатынасымыздың негізі – осы гуманитарлық сала. Әрине, екі тараптың да мүддесіне сай салалар аз емес. Біз, шын мәнінде, өзара ынтымақтастық пен одақтастықтың жаңа деңгейіне көтеріліп жатырмыз, – деді Әзербайжан Президенті.

Мәртебелі мейман екіжақты қарым-қатынастар бойынша ауқымды мәселелер көтерілгенін және халықаралық мәселелер жөнінде жан-жақты келіссөздер жүргізілгенін айтты.

Келіссөздердің қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ильхам Әлиев Бірлескен мәлімдемеге және Қазақстан Республикасы мен Әзербайжан Республикасының Жоғары мемлекетаралық кеңесін құру туралы Хаттамаға қол қойды. Әзербайжан Президентінің Астанаға ресми сапары аясында бірқатар екіжақты құжаттарға қол қойылды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



РАМАЗАН – 2023

ҚАЗАҚТЫҢ ӘДЕТ-ҒҰРПЫ ІЗГІЛІККЕ ШАҚЫРАДЫ

әрбір салт-дәстүрдің терең тәрбиелік мәні бар



(Басы 1-бетте)

– Қазақтың әдет-ғұрпы әрдайым ізгілікке шақырады. Әрбір салттың терең тәрбиелік мәні бар. Мысалы, ақсақалдарымыз жастарға батасын береді. Жастарымыз үлкеннің алдын кесіп өтпейді, құрметін көрсетеді, ешкімнің ала жібін аттамайды. Халқымыз қашанда қыз баланы сыйлап, қадірлеген. Мұның бәрі дәстүрлі ислам құндылықтарымен тығыз үндеседі, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Елдің бірлігі мен ынтымағын сақтау – негізгі міндет

Президент бір жылдың ішінде еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде болған айтулы оқиғаларға арнайы тоқталды.

– Жалпыұлттық референдум арқылы Конституцияға өзгерістер енгізілді. Еліміз үшін аса маңызды бірнеше саяси науқан өткізілді. Соның ішінде Президент сайлауы және жуырда болған Парламент пен мәслихаттар сайлауы бар. Бір сөзбен айтсақ, қысқа мерзімде өте ауқымды жұмыс атқарылды. Еліміз жаңа дәуірге қадам басты, Әділетті Қазақстанды құра бастадық. Қазақстан – өз геосаяси аймағында осындай ауқымды реформалар жасап жатқан бірден-бір ел. Жаңар-

тылған Конституция және елімізде болып жатқан өзгерістер – осының айқын дәлелі. Біз осы реформаларды, жалпы айтқанда, осы саясатты міндетті түрде жалғастырамыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, еліміз халықаралық ынтымақтастықты белсенді түрде жалғастыра береді, сыртқы саясатымыз әрдайым дербес болады. Біз мұның бәріне мызғымас бірліктің арқасында қол жеткізіп отырмыз.

– Халқымыз «Ырыс алды – ынтымақ» деп бекер айтпаған. Қоғамда бейбітшілік пен келісім болса ғана, еліміз табысқа жетеді. Алға қойған игі мақсаттарға қол жеткізе аламыз. Ал елден ынтымақ кетсе, мемлекетте даму болмайды, жұрттың болашаққа деген сенімі де азаяды. Сондықтан елдің бірлігі мен ынтымағын сақтау – негізгі міндетіміздің бірі. Бұл баршамыз жұмылып атқаратын жұмыс болуы керек, – деді Президент.

Ұлттық киім – ұлт мәдениетінің жарқын көрінісі

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде ұлттық мәдениетімізді дамыту маңызды екеніне тоқталды.

– Ұлттық мәдениет дегеніміз бұл – мағынасы терең, көпқырлы ұғым. Халқымыздың төл мәдениеті салт-дәстүрден, әдет-ғұрыптан бастау алады.

Ұлттық киімнің өзі – ұлт мәдениетінің жарқын көрінісі. Сондықтан ұл-қыздарымыз ұлттық киімді Наурыз мейрамында я болмаса басқа мерекелерде жәй киіп жүрсе, керемет болар еді. Тек мерекеде емес, ұдайы киіп жүрсе де, жарасымды болатыны сөзсіз. Жалпы, ұлт мәдениеті – халық өмірінің айнасы, оның болмысы. Еліміздің рухани дамуы ұлттық рухқа тікелей байланысты, – деді Мемлекет басшысы.

Президент қазіргі жаһандық ахуалға алаңдайтынын білдіріп, қоғамда мейірімділік, жанашырлық, қамқорлық сияқты қасиеттер жетіспей жатқанына назар аударды. Оның айтуынша, адамзат үшін өте қауіпті бұл үрдісті тоқтатуға бәріміз күш салуымыз керек. Ол үшін осы асыл қасиеттерді әрқайсымыз жүрегімізде сақтап, оны күнделікті іс-әрекетпен, көркем мінезбен көрсеткен абзал.

Мемлекет басшысы сөзінің соңында барша Қазақстан халқына амандық, бақ-береке тіледі.

«Ақорда» резиденциясында Мемлекет басшысының атынан берілген ауызашарға мемлекет және қоғам қайраткерлері, ғалымдар, дәрігерлер, мұғалімдер, этномәдени бірлестіктердің өкілдері, дипломатиялық өкілдіктердің басшылары, мәдениет қайраткерлері, құтқарушылар, еңбек адамдары қатысты.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ДЕКЛАРАЦИЯ

КІМ ЖӘНЕ ҚАЙ УАҚЫТТА ТАПСЫРАДЫ?

Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында өткен брифингте Алматыда 240 нысандағы декларацияны кім және қай уақытта тапсыратыны туралы айтылды.

Құралай ЖҰМАДІЛОВА

Бұл туралы Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті кеңсе мониторинг басқармасының бас маманы Қайрат Тұрымбетов баяндап берді.

2021 жылы Қазақстанда кірістер мен мүлктің кезең-кезеңмен жалпыға бірдей декларациялау жарияланды. Егер сол кезде декларацияны мемлекеттік қызметшілер ұсынған болса, екінші кезеңге бюджеттік ұйымдардың, квазимемлекеттік сектордың қызметкерлері мен олардың жұбайы (зайыбы) жатады.

240-нысандағы декларацияны тапсыру мерзімі кірісті алғаннан кейінгі жылдан кешіктірілмеуі қажет.

«Егер кіріс 2023 жылы алынған болса, онда декларация 2024 жылдың 31 наурызынан кешіктірмей тапсырылады», – деп түсіндірді спикер.

Декларацияны тапсырмағаны үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Алдымен ескерту беріледі, егер ол қайталанса, яғни мүлдем тапсырмағаны үшін 15 АЕК көлемінде айыппұл салынады.

Департаменттің мәліметінше, азаматтардың келесі санаттары

жеке табыс салығы бойынша декларация тапсырады:

- жеке кәсіпкерлер;
- жеке практикамен айналысатын тұлғалар;
- мүлктік кіріс алған жеке тұлғалар;

– Қазақстан Республикасынан тысқары жерлердегі көздерден табыс алған жеке тұлғалар және т.б.

Жылдық табысқа жеке тұлғаның барлық кіріс түрлері кіреді. Мысалға, бұл қатарға тауарды сатудан, жұмысты орындаудан, өтеусіз алынған мүлктен, дивидендтер түріндегі табыстар, сыйақылар, ұтыстар, стипендиялар, мүлктік кірістер және т.б. жатады.

ҚАУІПСІЗДІК

Қалалық Полиция департаментінің хабарлауынша, бұл шаралар балалардың жолдағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында істеліп жатыр.

БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ БАСТЫ ОРЫНДА

Алматы мектептері аумағындағы 840 жол белгісі жаңартылды



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

«Бұл бағытта, атап айтқанда, жас жол қозғалысына қатысушыларды тәрбиелеуге ықпал ететін педагогикалық формалар мен әдістерінен бастап, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін техникалық құралдарды пайдалануға дейінгі профилактикалық сипатта көптеген жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Алматы қалалық ПД әкімшілік полиция басқармасының басшысы Асхат Құлбаевтың айтуынша, іс-шара аясында жалпы білім беретін мектептердің аймағын, әсіресе, жолға жақын орналасқан білім беру мекемелерінің маңындағы жол белгілері мен жол таңбалау сызығын тексеру жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде 840 жол белгісі орнатылып, жаңартылды.

Сондай-ақ, ол Алматыда жол-техникалық инспекциясы қызметкерлері жол желісіне көктемгі тексеру жұмыстарын жүргізе бастағанын айтып өтті. Қолайлы

жағдайдың басталуына байланысты, қалада жол белгілері кезең-кезеңімен жаңартылатын болады, бірінші кезекте, келе жатқан көліктер қарсы қозғалыс жолағына, жаяу жүргіншілерге соқтығысудың алдын алу үшін тұтас сызық жаңартылады.

Айта кетейік, Алматыда білім беру ұйымдарының қауіпсіздігін тексеру бойынша комиссия құрылған. Қалалық ПД жергілікті полиция қызметі басқармасының басшысы Ержан Ұзабаевтың айтуынша, құқық қорғау қызметкерлері шаһардағы 214 мекемелік және 100 жекеменшік мектепті қамтитын мекемелердің қауіпсіздік жүйесіне тексеру жүргізген.

– Бүгінгі таңда қала мектептерінде 6739 бейнебақылау камерасы жұмыс істейді. Олардың басым бөлігі жедел басқару орталығымен біріктірілген. Сонымен қатар, білім беру ұйымдарында жүргізілген тексеру қаланың барлық мектептерінде дүрбелең түймелері орнатылғанын және жұмыс істеп тұрғанын көрсетті, – дейді басқарма басшысы.

МИБ

ТИІМДІ ЖҰМЫС ТЕТІГІ

МИБ-ті онлайн тіркеу қызметі
жолға қойылды

Тұрғын үй саласындағы жаңа заңнамаға сәйкес, елімізде ПИК-тердің орнына мүлік иелері бірлестіктері (МИБ) немесе қарапайым серіктестіктер (ҚС) құрылып жатқаны белгілі.



Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Әділет, Цифрлық даму, Инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрліктерімен бірлесіп, мүлік иелерінің бірлестігін құру мен оны тіркеу жөніндегі жобаны іске асырып отыр. Бұл туралы аталмыш министрліктің баспасөз қызметі хабарлады.

Онда қворумды тексеру арқылы онлайн дауыс беру әрі электронды хаттама қосымшасының көмегімен тіркеуге қатысты өтінішті жолдау тетігі қарастырылған.

Егер де бұған дейін қазақстандықтарға мүлік иелерінің бірлестігін тіркеп, оның төрағасын сайлау үшін баспана иелерімен бірнеше мәрте кездесіп, тиісті өтінішті жіберуге ұзақ процестен өтулеріне тура келсе, енді «Управ.дом» мобильді қосымшасы арқылы смартфондағы батырманы басып, қажетті өтінішті онлайн жолдаса жеткілікті. Мемлекеттік деректер базасы мен цифрлы платформалардың интеграциясының нәтижесінде «МИБ-

ті онлайн тіркеу» қызметі жолға қойылып, ол барлық еліміздің азаматына қолжетімді. Бұл бағытта дайын озық шешім ретінде «Управ.дом» жобасы ұсынылып отыр.

Аталған жоба бойынша дауыс берудің онлайн форматы қарастырылған. Демек, тұрғындардың келісімі мен қолдары интерактивті түрде жиналып, дауысты, қворумды автоматты санау және электронды хаттаманы қалыптастыру көзделеді. Сондай-ақ, МИБ-ті электронды форматта тіркеу үшін тұрғын үй төрағасының, хатшының және тұрғын үй кенесінің қолы қойылған электронды хаттаманы «Заңды тұлғалар» мемлекеттік дерекқорына жіберу мүмкіндігі жолға қойылған.

Бұл жобаны іске асыру арқылы МИБ қызметінің ашықтығын қамтамасыз етіп, алаяқтық әрекеттердің алдын алу, тұрғын үйді басқару процестерін автоматтандыру, сондай-ақ қағаз құжат айналымын азайту межеленген.

Қосымшаны пайдалану аясын кеңейту мақсатында арнайы нұсқаулық бейнероликтер дайындалды.



ҮКІМЕТ

АУЫЛДАРДА ТҰРМЫС ДЕҢГЕЙІ ЖАҚСАРАДЫ

Ауылдық аумақтарды дамыту тұжырымдамасы бекітілді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығын іске асыру аясында Үкімет Ауылдық аумақтарды дамытудың 2023–2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекітті. Премьер-Министр Әлихан Смайылов тиісті қаулыға қол қойды.

ҮКІМЕТТІҢ АУЫЛДАҒЫ ӨМІРДІ ЖАҚСARTU ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАРЫ

АУЫЛДЫҚ АУМАҚТАРДЫ ДАМУДЫҢ 2023–2027 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ БЕКІТІЛДІ
(Мемлекет басшысының Жарлығын іске асыру аясында)

ДАМУ ӘЛЕУЕТІ ЖОҒАРЫ 3,5 МЫҢ АУЫЛ ЖАҢҒЫРТЫЛАДЫ, ОНДА ЕЛІМІЗ БОЙЫНША АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ 90%-Ы ТҰРАДЫ (СОНДАЙ-АҚ «АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА)

МҮНДАЙ ЕЛДІ МЕКЕНДЕР ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСҮДІҢ ЖАҢА НҮКТЕЛЕРІНЕ АЙНАЛАДЫ

ЖАЙЛЫ АУЫЛДЫҚ ОРТАНЫ ҚҰРУҒА ЖАСАЛАТЫН ШАРАЛАР:

- МЕКТЕПТЕР МЕН МЕДИЦИНАЛЫҚ НЫСАНДАР САЛУ
- СУМЕН ЖӘНЕ ЭЛЕКТРМЕН ҮЗДІКСІЗ ЖАБДЫҚТАУ, ИНТЕРНЕТ ЖӘНЕ ҒАРЫШТЫҚ БАЙЛАНЫС ТARTU
- АУЫЛ ЖОЛДАРЫНЫҢ САПАСЫН ЖАҚСАРУ
- МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ НЫСАНДАРЫН САЛУ

*2023 жылдың басындағы жағдай бойынша Қазақстанда 6 295 АЕМ бар, онда республика халқының 38,2%-ы немесе 7,5 млн адам тұрады.

АУЫЛДАҒЫ ӨМІРДІ ЖАҚСARTU

ЖАҢА ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНЕ ИНЖЕНЕРЛІК КОММУНИКАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУ

ӨЗ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ АУЫЛДА ҮЙ САЛЫП БЕРГЕН ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРГЕ ҮЙ ҚҰНЫНЫҢ 50%-Ы ҚАЙТАРЫЛАДЫ
(5–100 шаршы метрден аспауы көрсетілген)

АУЫЛДАРДА ӨМІР СҮРУ ҚАУІПСІЗДІГІН АРТТЫРУ:

- ЗАМАНАУИ УЧАСКЕЛІК ПОЛИЦИЯ ПУНКТТЕРІ САЛЫНАДЫ
- АУДАН ОРТАЛЫҚТАРЫНДА БЕЙНЕБАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ ЕНГІЗІЛМЕК
- ЖАЯУ ЖҮРГІНШІЛЕР ЖОЛДАРЫ МЕН МАЛ АЙДАУ АЙМАҚТАРЫ БЕЛГІЛЕНЕДІ
- ШОМЫЛУҒА РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ЖӘНЕ ЖАБДЫҚТАЛҒАН ОРЫНДАР ҚҰРЫЛАДЫ
- ӨРТ СӨНДІРУ ДЕПОЛАРЫ МЕН БЕКЕТТЕРІ АШЫЛАДЫ

ШЕКАРАЛАС АУЫЛДЫҚ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІ ДАМУ

ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ЖАҢARTU ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ АРҚАСЫНДА:

ХАЛЫҚТЫҢ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДЕН КӨШУІН АЗАЙТУ

АДАМДАРДЫҢ ӨМІР СҮРҮІНЕ ҚОЛАЙЛЫ ЖАҒДАЙ ЖАСАУ

ШЕКАРА МАҢЫНДАҒЫ АУДАНАРДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНА ЖАҢА СЕРПІН БЕРУ ЖОСПАРЛАНЫП ОТЫР

ЕҢБЕК ТАПШЫЛЫҒЫ БАР ӨНІРЛЕРДІ ШЕКАРАЛАС АУЫЛДЫҚ ОҚРУГТЕР ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖАЛАҚЫСЫНА ҮСТЕМАҚЫ ҚОСУ МҮМКІНДІГІ ҚАРАЛАТЫН БОЛАДЫ

Тұжырымдама ауылдық аумақтардың географиялық ерекшеліктері мен артықшылықтарын ескере отырып, олардың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін аша түсуге бағытталған. Оның аясында ауыл тұрғындарының табысы мен тұрмыс сапасын арттыру бойынша түрлі шаралар қарастырылған. Айта кетейік, Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылдың қараша айында ҚР Президенті лауазымына кіріскеннен кейін осы тұжырымдаманы әзірлеу туралы Жарлыққа қол қойған болатын.

Құжатта «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында республика бойынша ауыл тұрғындарының 90%-ы өмір сүріп жатқан даму әлеуеті жоғары 3,5 мың ауылдық елдімекенді (АЕМ) кешенді жаңғыртуға баса назар аударылған.

Мұндай елдімекендер адамдардың еңбек етіп, өмір сүруіне қолайлы жағдайлар жасау есебінен экономикалық өсудің жаңа нүктелеріне айналады.

Негізгі мақсаттардың бірі – ауылдық елдімекендердегі әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымын дамыту. Атап айтқанда, жаңа мектептер мен медициналық нысандар салынып, сумен және электрмен үздіксіз жабдықталады, кең жолақты интернет және ғарыштық байланыс тартылады, ауыл жолдарының сапасы жақсарып, кітапхана, клуб, музей және кинотеатр, спорт ғимараттары сияқты мәдени нысандар салынады, халыққа қызмет көрсету орталықтары ашылады.

Тұрғын үй құрылысын жандандыру үшін жаңа жер учаскелеріне инженерлік коммуникацияларды жүргізу жұмыстары жалғасады. Бұл ретте ауылдық елдімекендерде өз қызметкерлеріне үй салып берген жұмыс берушілердің шығындары жалпы алаңы 100 шаршы метрден аспайтын үй құнының 50% мөлшерінде субсидияланатын болады.

Ауылдық жерлердегі қоғамдық қауіпсіздікті күшейту үшін заманауи учаскелік полиция пункттерін салу, аудан орталықтарында бейнебақылау жүйесін енгізу, ауылдарда жаяу жүргіншілер жолдары мен мал айдау аймақтарын белгілеу, шомылуға рұқсат етілген және жабдықталған орындар құру бойынша жұмыстар жүргізіледі. Бұған қоса, шекаралас ауылдық елдімекендерді дамытуға ерекше назар аударылатын болады. Атап айтқанда, инфрақұрылымды жаңарту мен негізгі қызметтерді қамтамасыз етудің арқасында халықтың елдімекендерден көшуін азайту, адамдардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау және жалпы шекара маңындағы аудандардың экономикалық дамуына жаңа серпін беру жоспарланып отыр. Ал еңбек тапшылығы бар өңірлердің шекаралас ауылдық округтер тұрғындарының жалақысына үстемеақы қосу мүмкіндігі қаралатын болады.

Сонымен қатар, тұжырымдама аясында топырақ құнарын жақсарту, ауыл шаруашылығы жерлерін ұтымды пайдалануға бақылауды күшейту, жаңа суармалы учаскелерді айналымға енгізу, су қоймаларын реконструкциялау және салу, өнімділікті арттыру, дақылдарды әртараптандыру және т.б. бойынша жүйелі шаралар көзделген.

Ауыл тұрғындарының табысын арттыру мәселесін агро-өнеркәсіп өндірісін жандандыру, кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту арқылы шешу жоспарланып отыр. Осылайша шағын шаруашылықтарды біріктіру және ауыл шаруашылығы кооперативтерін ұйымдастыру фермерлерге тұқым, тыңайтқыш, жанар-жағармай материалдары, жем-шөп, агротехникалық және ветеринариялық қызметтер шығындарын қысқартуға, жер учаскелерін, ауыл шаруашылығы техникасын, ирригациялық және дренаждық жүйелерді бірлесіп пайдалану есебінен өндірілген өнім көлемін арттыруға, сондай-ақ делдалдарсыз тұрақты түрде тауар өткізіп отыруға мүмкіндік береді.

Жалпы, мұндай тәсіл бизнес-ортаны дамытуға және ауылда нарық, көлік және логистика инфрақұрылымын қалыптастыруға ықпал етпек. Сонымен қатар, қызмет бағыттарын кеңейту есебінен жаңа жұмыс орындары ашылып, жас кадрлардың тұрақтап қалуына жағдай жасалады.

«Ауыл аманаты» жобасы осындай құралдардың бірі болмақ, оның аясында жеке қосалқы шаруашылықтарға жылдық 2,5% мөлшерлеме бойынша жеңілдікпен шағын несие беру, сервистік-өткізу кооперативтерін қалыптастыру, техника, жабдық лизингі және т.б. қамтамасыз етілмек. Сондай-ақ, ауылда азық-түліктің негізгі түрлері бойынша импортты алмастыратын инвестициялық жобаларды қолдау жоспарланып отыр. Атап айтқанда, Солтүстік Қазақстан облысының агро-өнеркәсіп кешеніндегі инвестициялық жобаларды қаржыландыру бойынша тәжірибесі қолданылмақ.

Ауылдық аумақтарды дамытудың 2023–2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы басқа да бірқатар іс-шараны көздейді, оның ішінде ауыл тұрғындарын жергілікті өзін-өзі басқаруға тарту, жан-жақты мемлекеттік қолдау көрсету, туризмді дамыту, экспортты ынталандыру, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және т.б. бар. Бұл туралы толығырақ Тұжырымдаманың өзінен оқуға болады.

Оны іске асыру нәтижесінде табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен аз ауыл халқының үлесі 5,8%-ға дейін, ал ауылдық жерлерде жұмыссыздық деңгейі 4,2%-ға дейін төмендейді деп күтілуде. Сонымен қатар, ауылдық елдімекендер сумен 100, интернетпен 97% қамтылады, сондай-ақ нормативтік жағдайы жақсы жергілікті жолдардың үлесі 95%-ға жеткізілмек. Ауылдық жерлерде 655 денсаулық сақтау нысаны, 183 мектеп және 100 спорт ғимараты пайдалануға беріледі. 650 мәдениет нысаны салынып, жөндеуден өткізіледі.

АНЫҚТАМА: Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, 2023 жылдың басында республикада 6295 ауылдық елдімекен бар, онда ел халқының 38,2%-ы немесе 7,5 млн адам тұрады.

АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫН НӘТИЖЕЛІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ҮШІН ЖАҒДАЙ ЖАСАУ

АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ТАБЫСЫН АРТТЫРУ

- АГРОӨНЕРКӘСІП ӨНДІРІСІН ЖАНДАНДЫРУ
- КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ
- АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КООПЕРАЦИЯСЫ

ШАҒЫН ШАРУАШЫЛЫҚТАРДЫ БІРІКТІРУ ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КООПЕРАТИВТЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ФЕРМЕРЛЕРГЕ:

- ТҰҚЫМ, ТЫҢАЙТҚЫШ, ЖАНАР-ЖАҒАРМАЙ МАТЕРИАЛДАРЫ, ЖЕМ-ШӨП, АГРОТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР ШЫҒЫНДАРЫН ҚЫСҚARTUҒА
- ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІН, АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТЕХНИКАСЫН, ИРРИГАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ДРЕНАЖДЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ БІРЛЕСІП ПАЙДАЛАНУ ЕСЕБІНЕН ӨНДІРІЛГЕН ӨНІМ КӨЛЕМІН АРТТЫРУҒА
- ДЕЛДАЛДАРСЫЗ ТҰРАҚТЫ ТҮРДЕ ТАУАР ӨТКІЗІП ОТЫРУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ

ТӘСІЛ:

- БИЗНЕС-ОРТАНЫ ДАМУҒА
- ҚЫЗМЕТ БАҒЫТТАРЫН КЕҢЕЙТУГЕ
- АУЫЛДА НАРЫҚ, КӨЛІК ЖӘНЕ ЛОГИСТИКА ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА
- ЖАҢА ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН АШУҒА
- ЖАС КАДРЛАРДЫҢ ТҰРАҚТАП ҚАЛУЫНА ЫҚПАЛ ЕТЕДІ

«АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖОБАСЫ

АУЫЛДЫҚ АУМАҚТАРДЫ ДАМУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ БІРІ «АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖОБАСЫ БОЛМАҚ

ЖОБА АЯСЫНДА:

- ЖЕКЕ ҚОСАЛҚЫ ШАРУАШЫЛЫҚТАРҒА ЖЫЛДЫҚ 2,5% МӨЛШЕРЛЕМЕ БОЙЫНША ЖЕҢІЛДІКПЕН ШАҒЫН НЕСИЕ БЕРІЛЕДІ
- СЕРВИСТІК-ӨТКІЗУ КООПЕРАТИВТЕРІ ҚҰРЫЛМАҚ
- ТЕХНИКА, ЖАБДЫҚ ЛИЗИНГІ
- АЗЫҚ-ТҮЛІКТІҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ИМПОРТТЫ АЛМАСТЫРАТЫН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР ДАМУМАҚ

ІҚУТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

- ТАБЫСЫ ЕҢ ТӨМЕНГІ КҮНКӨРІС ДЕҢГЕЙІНЕН АЗ АУЫЛ ХАЛҚЫНЫҢ ҮЛЕСІ 5,8%-ҒА ДЕЙІН АЗАЙМАҚ
- АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ДЕҢГЕЙІ 4,2%-ҒА ДЕЙІН ТӨМЕНДЕЙДІ
- АУЫЛДАР СУМЕН 100% ҚАМТЫЛАДЫ
- ИНТЕРНЕТПЕН ҚАМТУ ДЕҢГЕЙІ 97% БОЛМАҚ
- НОРМАТИВТІК ЖАҒДАЙЫ ЖАҚСЫ ЖЕРГІЛІКТІ ЖОЛДАРДЫҢ ҮЛЕСІ 95%-ҒА ЖЕТКІЗІЛМЕК
- 655 ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ НЫСАНЫ, 183 МЕКТЕП ЖӘНЕ 100 СПОРТ ҒИМАРАТЫ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ
- 650 МӘДЕНИЕТ НЫСАНЫ ЖӨНДЕУДЕН ӨТЕДІ

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: primeminister.kz).



ҮКІМЕТ

ЖАНАРМАЙ ҚҰЮ СТАНЦИЯЛАРЫ: АЛЫПСАТАРЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

Жанар-жағармай материалдары бола тұра, оны сатпай отырған нысандар анықталса, олар заң бойынша жауапқа тартылады

Үкіметте жанар-жағармай материалдары бойынша ахуал талқыланды. Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Склярдың төрағалығымен өткен Үйлестіру орталығының отырысында ішкі нарықты мұнай өнімдерімен, оның ішінде дизель отынымен қамтамасыз ету жөніндегі шаралар қаралды.

Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев қазіргі уақытта республикада 309 мың тонна дизель отынының жиынтық қоры бар екенін мәлімдеді. Министрдің мәліметінше, 7 сәуірдегі жағдай бойынша 415 жанармай құю станциясында дизель отыны болмаған, бұл – еліміздегі 3163 нысанның 13%-ы. Энергетика министрлігі тапшылықты тез арада жою үшін жанармай құю станцияларын қосымша отынмен қамтамасыз ету мақсатында өңірлер әкімдіктерінен өтінімдер жинаған. Сонымен қатар, сәуір айында тағы 441 мың тонна отын өндірілмек.



Осылайша осы айда дизельдің жалпы көлемі шамамен 750 мың тонна, ал болжам бойынша тұтыну көлемі ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен ҚТЖ қажеттіліктерін қоса есептегенде, шамамен 510 мың тоннаны құрайды. Мемлекет өңдеу кәсіпорындарында өндіріс тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін барлық шараны қабылдап жатыр. Атап айтқанда, Шымкент МӨЗ-ін жөндеу жұмыстары мерзімінен бұрын аяқталып, мұнай өнімдерін жөнелту басталып кетті. Бұл ретте ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен отын тапшылығы бар өңірлердегі жанармай құю бекеттеріне басымдық беріледі.

Өңірлердегі ахуал мен қабылданып жатқан шаралар туралы Түркістан облысы, Алматы және Шымкент

- Үкімет басшысы: шекарада жанармайды заңсыз шығару әрекеттерінің жолын кесу жұмыстары тұрақты түрде жүргізіледі.
- Шаруалар үшін арзандатылған дизель отыны кестеге сәйкес толық көлемде бөлінеді. Егістік жұмыстары аяқталғанға дейін оның бағасы өзгеріссіз қалады.
- Үкіметте Экономиканы монополизациялау жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өтті. Онда мұнай-газ саласының маңызды инфрақұрылымдық объектілерін мемлекет меншігіне қайтару барысы талқыланды.

қалалары әкімдерінің орынбасарлары баяндама жасады.

Роман Скляр өңірдегі штабтар белсенді түрде әрекет етіп, тұрақты рейдтер өткізуі керек екенін атап өтті.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мағзұм МЫРЗАҒАЛИЕВ, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарма төрағасы:

Соңғы күндері орын алған тапшылық жанармай құю станциялары иелерінің баға айырмашылығының қысқаруын күтіп, мұнай базаларындағы отын қорын жасырып қалуына байланысты болып отыр. Осылайша жеке мұнай базаларында елде бар дизель отыны көлемінің 73%-ы жинақталған.

Ержан БІРЖАНОВ, Қаржы вице-министрі:

Өткен аптада 3 мыңнан астам жанармай құю станциясына талдау жүргізілген, бұл ретте отын бола тұра, сауда-саттық көлемі азайып кеткен нысандарға ерекше назар аударылған. Яғни сатуды шектеу белгілері орын алған. Еліміз бойынша барлығы осындай 152 жанармай құю бекеті анықталды. Барлық факті бойынша тиісті шаралар қабылданып жатыр.

Роман СКЛЯР, Премьер-Министрдің бірінші орынбасары:

Алып-сатарлыққа және мұнай базаларында отынды «ұстап тұруға» жол бермеу керек, өйткені бұл елдің энергетикалық қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді. МКК, ҚМА және БҚДА-дан жанармай құю станциясындағы жағдайды бақылауды күшейтуді сұраймын. Жанар-жағармай материалдары бола тұрып, оны сатпай отырған нысандар анықталса, оларды заң бойынша жауапқа тарту керек. «ҚазМұнайГаз» және ҚТЖ зауыттардан жоспарланған жанар-жағармай материалдарының көлемін, әсіресе дизель отынын уақытылы және толығымен жөнелтуді және жеткізуді қамтамасыз етуі қажет.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ДЕНСАУЛЫҚ

БАЛАҒА ДА, АТА-АНАСЫНА ДА ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛЕДІ

Алматы қалалық Психикалық орталығында балалардың сөйлеу қабілетін, әлеуметтік дағдыларын дамытуға, физикалық денсаулығын жақсартуға, сенсорлық жүйесін жетілдіруге, балалардың эмоционалды жағдайын жақсартуға арналған құрал-жабдықтармен жасақталған оңалту кабинеті ашылды.



Нұржамал ӘЛІШЕВА



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

– Өкінішке қарай, қазір балалар арасында психикалық аурулар күрт өсіп кеткен. Мысалы, былтырғы жылмен салыстырғанда жасөспірімдер арасындағы шизофрения дертінің көрсеткіші 43 пайызға, аутизм 50 пайызға көбейген. Бұл – өте үлкен мәселе. Сондықтан осындай ауру бала тәрбиелеп отырған ата-аналарға қолдау көрсету мақсатында осы кабинетті ашып отырмыз. Қызметіміз тегін. «Аутизмге шалдыққан балаларды емдеудің ерекшеліктері» тақырыбында ұйымдас-

тырған конференциямыз да осы бір өзекті мәселені терең талқылауға септігін тигізді деп ойлаймын, – дейді Алматы қаласы Психикалық денсаулық орталығының бас директоры Сапар Рахменшеев.

Оңалту кабинетінде психолог, логопед, психолог-жаттықтырушы мамандар сөйлеу дамуы тежелген, аутизм, ақыл-ой кемістігі анықталған және гипербелсенді балалармен арнайы жұмыс істеп, оларға психологиялық кедергілерді еңсеруге көмектеседі. Әр балаға шамамен үш

сағаттай уақыт жұмсайды. Ал осы уақыт аралығында ата-анасының тынығып, демалып алуына мүмкіндік бар. Айтпақшы, мамандар қажет болса ата-анаға да психологиялық көмек, қолдау көрсетуге дайын. Оларға ерекше баламен қалай қарым-қатынас жасау керектігі туралы да дәрістер өткізіледі.

Тақырыпқа орай айта кетер болсақ, бүгінгі күні Алматыда әртүрлі психикалық ауруларға шалдыққан 1823 бала, 503 жасөспірім динамикалық бақылауда тұр.

АЛМАТЫ АУДАНДАРЫ



ЖАС ҚАЙЫҢДАР САП ТҮЗЕДІ

Алматының бірқатар аудандарында сенбі-жексенбі күндері ағаш отырғызылды.

Экологиялық акция аясында Алматы қаласының белсенділері мен қоғам белсенділері Наурызбай ауданында Абай даңғылы мен Әшімов көшесінің қиылысына ағаш отырғызды.

Аудан әкімдігі бұдан әрі де тұрғындар мен қала қонақтарына ағаш отырғызу, сенбіліктер ұйымдастыру және гүлзарлар салу бойынша акциялар өткізуге шақырады.

Сондай-ақ, Алатау ауданының «Нұркент» шағынауданында 500 түп ағаш отырғызылды. Бұл туралы Алатау ауданының әкімі Азамат Қалдыбеков өз Instagram парақшасында бөлісті.

«Бүгін мәслихат депутаттары, қоғам қайраткерлері мен Экология басқармасы қызметкерлерінің қатысуымен «Нұркент» шағынауданында 500 түп жас қайың отырғыздық. Жалпы, «Нұркентті» көгалдандыру мұнымен бітпейді, аумақта аллея жасауды жоспарлап отырмыз. Барлықтарыңызға қатысқандарыңыз үшін алғыс білдіреміз», – деп жазды А.Қалдыбеков.

ТҮРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ

Алатау, Медеу, Наурызбай аудандарында әкімдік өкілдері жұмыс сапары барысында аудан тұрғындарымен кездесу өткізді.



Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының басшысы Санжар Алин және Алатау ауданының әкімі Азамат Қалдыбеков бірқатар ықшамаудандарды инженерлік коммуникациялар салуға жауапты мердігерлік ұйымдардың және «Алматы Су» МКК өкілдерімен бірлесе аралап шықты. Жұмыс сапары барысында басқарманың тапсырысы бойынша су құбыры және кәріз желілерінің құрылысы жүргізілетін «Жұмысшы кенті» шағынауданы тұрғындарымен кездесу өткізді.

Автокөлік пен жаяу жүргіншілердің ыңғайлы жүруі үшін басқарма басшысы осы аптадан бастап грейдермен жол төсемін тегістеуді, сондай-ақ Соқпақбаев көшесіндегі жұмыстардың аяқталуын жеделдетуді тапсырды. Сонымен бірге, «Көкқайнар» шағынауданында салынған 30,1 км су құбыры және кәріз желілерін пайдалануға беру үшін, кәріз-сорғы станциясының (КСС) құрылысын аяқтау қажеттігі де айтылды. Басқарма басшысының тапсырмасы бойынша «Алвис» және «Сұңқар» ЖШС мердігерлік ұйымдарының құрылыс қарқынын жеделдету үшін бұл жұмыстар бірлесіп жүргізілетін болады. КСС құрылысын бір ай ішінде аяқтау жоспарланған.

Медеу ауданының әкімі Еркебұлан Оразалин «Алатау» шағынауданының тұрғындарымен кездесіп, Ибрагимов көшесіндегі №36 үйдің тұрғындарымен үйдің қасбетін жаңарту мәселелері туралы талқылады. Оған қоса, Ибрагимов көшесі, 20 және 15 А үйлердің тұрғындары абаттандыру мәселелерін көтерді, сондай-ақ қазандық мәселесі туралы талқыланды.

Сонымен қатар, аудан әкімі «Алма», «Мичуринец» және «Радуга» сияқты бірнеше бау-бақша серіктестіктерін аралап, тұрғындармен сумен жабдықтау, кәріз, көшелерді жарықтандыру және басқа да мәселелерді талқылады.

Наурызбай ауданының әкімдігі Алматы қалалық мобильділік басқармасымен, сондай-ақ мердігер ұйымдармен бірлесіп Төле би көшесінің құрылыс учаскесін аралап шықты.

Осы жылы Карьера көшесінен Алатау даңғылына дейінгі жол құрылысы жоспарланған. «Алма Сити ЕЗ» ТК тұрғындарының өтініштері бойынша Алатау даңғылынан Жүнісов көшесіне дейінгі учаскедегі уақытша қозғалыс сызбасы қайта қаралатын болады.

Әзірлеген Досбол АТАЖАН.



ҰЛТТЫҚ КӘДЕСҮЙ

СЫЙЛЫҚ БЕРУДІҢ ДЕ ӨЗ ӘДЕБІ БАР

Той-томалаққа, қонаққа жиналсақ, құр қол бара алмаймыз. Үйге мейман келсе де «қуыс үйден құр шықпа» деп сый-құрмет көрсету қанымызға сіңген қасиет. Өйткені, халқымыздың түсінігінде сыйлық беру – сөзбен айтып жеткізе алмайтын ыстық ықыластың, сүйіспеншіліктің, құрметтің белгісі. Ал ислам дінінде ғұламалар «адамға сыйлық беріп қуанту – Алланы сүйсіндіріп, қуантумен тең» дейді.

Қазақ – сыйлық беруді ерекше жақсы көретін көңілі дархан жомарт халық. Сүйінші жаңалық әкелген адамға астындағы атын сыйлап жіберетін, көрімдікке тай атайтын, үйіне жиені келсе, бота-тайлақ байлайтын ата-бабаларымыз бір-біріне сый-құрмет көрсетуден алдына жан салмаған.

Қазіргі әлеуметтік желілер дамыған заманда жұрт бергенін де, алғанын да жарияға жар салып көрсетіп жатады. Әсіресе, миллиондаған оқырманы бар блогерлер мен танымал адамдар жақындарына көлік, қажылыққа жолдама, брендтік бұйымдарды сыйлап жарысқа түсіп жатқандай көрінеді. Шама келген жақсы-ақ, әрине, бірақ асыл дінімізде сыйлық берудің де өз әдебі бар.

Кәдесүй әліппесі

- Өзіңізге берілген сыйлықтың құны мен сапасына қарамастан қабыл алу. Шынайы ықыласпен сыйлық берген адамның қолын қайтару дұрыс емес.
- Сыйлық берілген кезде сыйлаған адамға ризашылық білдіру. Сыйлық беруші уақытын бөліп, ақ пейілімен сыйлаған дүниені қабылдағаннан кейін алғыс айту. Сыйлықты берушінің көзінше бір бұрышқа ысыра салмай, бұл сыйлықтың өзіне пайдалы болғанын, қажет екенін айту да мәдениеттілікке жатады.
- Сыйлық кейде бір адамға, кей жағдайда бір топ адамдарға арналуы мүмкін. Егер топтың бір мүшесін сыйлық беру арқылы қуантып, қалған мүшелері ондай ілтипатқа ие болмаса топ арасында дұрдағандық және өзіне қатысты нараздық тудыруы мүмкін. Сондай-ақ, сыйлықтың сапасына да мән берілгені абзал.
- Сыйлық бір адамнан екінші адамға сый ретінде тартылған кезде оның жеке мүлкі болып саналады. Кейбіреулер берген сыйлығына өкініп, қайтаруын талап етіп жататын кездері болады. Бұл іс әлбетте, мәдениетті адамның әрекетіне жат қылық.
- Сыйлық алған адам әркез өзіне сыйлық жасаған адамды ұмытпай, реті келген кезде сыйлық жасауға тырысқаны жөн.
- Сыйлық бергенді міндетсініп, кейін сол адамнан өзіне қажетті затты алу немесе ісінің алға басуы, қызметінің алға басуын көздеу қайтарымын күту дұрыс емес.
- Әр адамның талғамы бөлек, әркімнің сүйіп ішетін асы, аса қажетті ұнатқан заты болуы мүмкін. Сыйлық сыйлар кезде адамның жасы, ерекшелігі, талғамы ескерілгені абзал. Мысалы, жасы ұлғайған әйелге косметикалық зат сыйлау әбестік.



Сыйлық беруге байланысты ұлттық дәстүрлер

«Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» энциклопедиясында салт-дәстүріміздегі сыйлық беруге байланысты жөн-жоралғының алуан түрі көрсетілген. Мысалы, байғазы, базарлық, баутағар, кәде, бетайғақ, көрімдік, сүйінші деген секілді жоралғылардың тізімі жалғаса береді. Осылардың ішінде кәдеге тоқталсақ.

Айтта, ойын-тойда тағы сол сияқты мейрамдарда берілетін сыйды немесе алымды «кәде» деп атайды.

Кәде – ойын-тойдағы әсіресе құдалық, келін түсіру кезіндегі салт-дәстүрдің әсем бір көрінісі. Оны сұрауға, талап етуге әркімнің хақы бар. Кәде жасамау – дәстүрді сыйламау, яғни ел заңын бұзу деген сөз. Ұлт мәдениетінде кәде түрлері өте көп және оның ереже, жолы, заңы бар. Оны бұзуға болмайды. Кәдеге тоқтау жоқ, дәлел жүрмейді, сөз өтпейді. Кәде беру міндет. Өйткені, жазылмаған заңымызда «ат өлсе де, кәде өлмейді» деген аталы сөз бар.

Той кәделері

Тойбастар, айттық, мүше сұрау, көрімдік, жыртис, сарқыт секілді кәделердің бәрі сыйлық беруге байланысты. Тойдың түрлілігіне байланысты кәделер де бірнешеге бөлінеді.

Құдалық кәделері – қарғыбау, шеге шапан, қалыңмал, өлі-тірі, бата аяқ, той малы, атбайлар, құйрық-бауыр, сандық ашар, шай құяр, құда тартар, табаққа салар, отқа құяр, түйемұрындық, қосақбас, кебіс салар, құда аттандырар, т.б.; Күйеу кәделері – есік ашар, ентікпе, балдыз көрімдік, күйеу табақ, сүт ақы, атбайлар, босаға аттар, сәукеле байғазы, жеңгетай, шымылдық байлар, отау жабар, қыз көтерер, арқа жатар, қалыңдық ойнау, қол ұстатар, шаш сипатар, көрпе қимылдатар, ит ырылдатар, «кемпір өлді», бақан салар, мойын тастар, қыз қашар, ілу, көпшік қыстырар, күйеу аттандырар, т.б.;

Балаға арналған кәделер – ат қою, кіндік кесер, бесікке салу, қырқынан шығару, тұсау кесер, көрімдік, т.б.;



Қаза кәделері – садақа, жыртис, арулау, қабыршы кәдесі, киім беру, дұға оқыту, т.б. Көрімдік: Жаңа туған балаға, жас келінге, ботаға, тағы басқаға алғаш көрген сәтте көрімдік сұрау халықтың ежелгі және лайықты дәстүрі. Мұның маңызы адал ниет, ерекше ықыластың бір белгісі, көз тиюден сақтанудың ырымы түрінде сипатталады. Байғазы мен көрімдік екеуі басқа ұғым. Көрімдік адамға, жандыға берілсе, байғазы көбінесе жансыз дүниелерге қатысты айтылады.

Қалау: Біреудің жақсы затына, мүлкіне көңілі кеткен адам сол үйге барып қалау қалайды. Ол үшін алдымен үй иесінің ұлына қамшы, қызына алқа, білезік сияқты бағалы зат сыйлайды. Қонағының емеуінің байқаған отағасы оны аттандырар алдында «қалауынды айт» дейді. Қонақ қалаған мал-мүлкінің атын атайды. Қазақ салты қалауды сөзсіз орындауға міндеттеген. Сондықтан үй иесі қонағының көздеген қалауын ризалықпен береді. Қалаушы кімнен, не қалау керек екенін біліп, көңілінің қалып қоймау жағын ескеріп отырған.

Әзірлеген
Айнұр СЕНБАЕВА.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Асыл БАЙДАРАЛЫ,
этнограф:

СЫЙ-ҚҰРМЕТ КӨРСЕТУДІҢ ЖӨНІ БӨЛЕК

Қазақ қоғамының салт-дәстүрі мен ғұрпында сыйлық берудің, құрметті адамның иығына шапан жабудың алатын орны ерекше. Ата-бабаларымыз шапанды көлденең көк аттыға емес, еліне сыйлы, халқына қалаулы жандарға берген, иығына шапан жабатын адамның тілегіне, пейіліне де зер салған. Біз тіпті шетелдік Джеки, Николас Кейджге, Францияның бұрынғы президенті Франсуа Олландқа, боксшы Майк Тайсонның және Ресейдің рәп орындаушысы Тиматиге де қазақтың шапанын жаптық емес пе? Ұлттық киімдерімізді әлемге әйгілі тұлғалардың кигені керемет, мұның еш әбестігі жоқ. Бірақ өз басым, қазіргі заманда халқымыз той-томалақтарда бір-біріне ешкім кимейтін қырғыздың шапанын жабу, базарда толып тұрған ұсақ-түйек сыйлықтарды беруі артық шығын деп есептеймін. Бір сандықтан екінші сандыққа көшіп жүретін шапандарды, киітке арналған киімдерді ешкім кимейді. Ал дизайнерлік ұлттық киімдерді алуға екінші бірінің шамасы келе бермейді. Қытайдың түкке жарамайтын пластмас ыдыстары мен тойбастарға салынатын шұрым-бұрым кәдесыйларын алмағанымыз жақсы деп ойлаймын. Сый-құрмет көрсетуде адамдардың бірінен-бірі қалмайын деп қаржысын жоқтан өзгеге жұмсауы немесе дарақыланып қымбат сыйға жүгіруі дұрыс емес. Сый-құрмет көрсетудің де өз жөні бар.



Суреттерді жасаған Самат Құсайынов.



ӘЖЕДЕН ҰЛАҒАТ

«ӘКЕҢ КЕЛЕ ЖАТЫР!»

Қазақ отбасында ер адамның орны жоғары болған

Алматыда көп жасаған ата-әжелер аз емес. Олардың аразамызда әлі жүре тұрғанын қалаймыз. Себебі, өмір көрген қарттар бізге бағдаршам іспетті, көрген-түйгенін, ақыл-кеңесін айтып отырады. Ал сол көшпелі қариялар жүрген ізбен жүрсек, адаспасымыз анық. «Көп білгеннен емес, көпті көргеннен сұра» деген нақыл бар.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Біз «Almaty akshamy» газетінің ұзақ жылдардан бергі тұрақты оқырманы, 90 жасқа келген әдемі әже, еңбек және тыл ардагері, зейнеткер ұстаз Зейнеп Қасымқызы Бексейітоваға «адамгершілік, мейірім, ізгілік, бақыт туралы не айтасыз, отбасы құндылығы деген не, қазіргі жастарға көңіліңіз тола ма?» деген сынды бірнеше сауал тастаған едік. Тындап көрейік.

– Қазіргі ұрпақ бақытты ғой, бейбіт заманда, баршылық, тоқшылықта өмір сүріп жатыр. Біздің жас күніміз соғыс жылдарында өтті. Ер адамның бәрі соғысқа кеткен. Ауылда қалған әйелдер мен бала-шаға қыс айларында сығырайған май шамның түбінде отырып, майданға үш саусақты қолғап және шұлық тоқып өткізетінбіз. Ал жазда колхоздың егіс жұмысына қойып кетуші едік. Өлең, тапқақ айтып жүріп масақ теретінбіз. Сол күндер бізді шыңдады. Ерте есейтті. Қиналып жүрсек те білімге ұмтылдык. Бізге мектепте сабақты әскерден жаралы болып келгендер оқытатын. 7–10-шы класқа келгенде, институт бітіріп келген мұғалімдер сабақ бере бастап, көзіміз ашылып, ілім-білімге құштарлана бастадық. Институт табалдырығын да аттадық. Жоғары оқу орнында орыс тілінен қиналатынбыз. Ол күндер де артта қалды. Институтты физика-математика мамандығы бойынша бітіріп, зейнетке шыққанға дейін мектептерде және институттарда ұстаздық еттім.

– Жасыратыны жоқ, айналайын, қазіргі жастарға төзімділік, шыдам жетпей жататын сияқты. Өмірдің тек

таптайдай теп-тегіс еместігін, оның күнгейі мен көлеңкелі тұсы болатынын біліп өссе дейміз ғой.

Біздің тұсымызда ажырасу деген ұғым болмайтын. Екі жас өмір бойы бірге боламыз деп бас құраған соң, алға қарай бірге ұмтылып, қиындықтарды бірге жеңуге тырысу керек. Бақытты өмір сүру әркімнің өз қолында. Бақыт деген – ерлі-зайыптының бір-біріне адалдығы, қамқорлығы, балаларының аман-есен өсіп-жетілуі, жан-жағыңның амандығы. Жалпы, шаңырақта тәрбие мен тәртіп болған жерде, бақыт өзі-ақ есік қағып келіп тұрады деп ойлаймын. Кешірімді болсын жастар бір-біріне дегім келеді.

– Телеарнадан «Астарлы ақиқат» деген бағдарламаны көріп қаламын кейде. Көрген сайын неше түрлі ой келеді басыма. Бағдарламада көбіне жеке адамдардың өмірі, жат қылықтары, келеңсіз кикілжіңдері жайында айтылып, бәрі қызылкенірдек болып жатады. Әйелі ерінің бетінен алады. Ері шиеттей баласын тастап өзгеге кетіп қалады. Мұндай әдепсіздікті көпшіліктің алдына шығармау керек-ақ.

Үлкен де, кіші де бір-бірін сыйлап үйренсе деймін. Адам алдымен өзін сыйлап, өзін құрметтеп, бағасын білсе, ол өзгені де сыйлай алады деп ойлаймын.

– Кейбір жастардың сөйлеген сөздеріне, киген киімдеріне де ренжіп қалып жатамын. Алдыңда кетіп бара жатқан ұл ма, қыз ба, айыра алмайсың кейде. Бүгінде ер бала да шаш өсіріп, буып алатын болған-ау деймін. Белі ашық-шашық қыздарға да көңілім толмай қалатыны бар. Қазақтың қан-



дай жақсы ұлттық киімдері бар. Мысалы, бір кәжекейдің өзін бірнеше көйлекпен, белдемшемен үйлестіріп киюге болады. Мәдениеттің өзі үстімізге ілген киімімізден де білініп тұрады.

– Қазақ отбасында ер адамның орны жоғары болған. «Әкең келе жатыр!» деген бір ауыз сөз сес болатын. Ал қазір ажырасу көбейіп кетті, әйелге қол көтеретіндер, тіпті өз баласына алимент төлемей қашып жүрген әкелер де бар. Әке беделін көтеру әйелге көп байланысты. Сондықтан отбасында желкілдеп өсіп келе жатқан қыздарымызға осы бастан ұлағатты сөздерімізді айтып отыруымыз керек. Ер балаға әке үлгі болса деймін, сөзімен де, жүріс-тұрысымен де.

Әйтеке би бір өсиетінде «Жақсы адамның серігі – ақыл, төзім, сабыр, үміт, татулық, бірлік» деген екен. Осы ұлағаттың ішіне бәрі сыйып тұр, қалқам.

Балалардың, жастардың бәрі бақытты, білімді, ұлағатты болғанын барлық жан-жүрегімізбен тілеймін, қызым!

Әлеуметтік желіде қазақы кимешекпен немересіне ән арнаған әженің бейнеролигі 1,5 млн-нан астам қаралым жинаған. Пікір қалдырушылардың да қарасы қалың. Барлығы дерлік әдемі әжеге ақжарма тілегін, жылы лебізін арнауа. Көпшілікке танылып үлгерген Тұрсынғүл Жүндібаева елдің ерекше ықыласына ие боламын деп ойламаған көрінеді.

ӘНШІ ӘЖЕ

әлеуметтік желіде жұлдыз болды



Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

«Жасым 80-ге келді. Немере, шөберелеріміздің арқасында күліп-ойнап жүрміз. Наурыз айында Мәдина деген немеремнің арқасында телеарнаға шықтым. Кимешегімді, бешпетімді киіп «Алақаннан ұшқан аққуым» әнін шығардым. Алғашында бұл әнді Тоқтар Серіков айтқан еді. Өзіме қатты ұнайтын. Эфирде шығқанға әнім сол жердегі ұл-қыздарымыздың жүрегін елжіреткен болуы керек, біразының көңілі толқып, жылап алды. Кейін осы әнім әлеуметтік желіге салынып, «жұлдыз» болып шыға келгенім. Ол туралы мен білмеймін, немерем көр-

сетті. Төменгі жағына жақсы пікір қалдырғандар да көп екен. «100 жасаңыз, осындай әжелеріміз көп болсын» деп жатыр. Жақсы тілектерін оқып, көңілім бір сергіп қалды. Бұдан кейін осы әніме арнап Америкада тұратын қазақ баласы ерекше бейнеролик жасапты. Әлгі жұмысы әнмен жақсы үндеседі. Көл бетіндегі аққуларды, қыз баланың кішкентай кезінен бастап, ұзатылған сәтін сыйдырыпты. Бәрі тамаша көрініс тауыпты», – дейді Тұрсынғүл Жүндібаева.

Тұрсынғүл әже өнерге жастайынан қызыққан. Дегенмен, бұл арманы орындалмай, өз ортасында ғана ән шырмаумен шектелген. Кейін ардагерлермен қосылып, мерекелік іс-шараларда өнер көрсете бастаған.

«Мен «Алатау ардагерлері» ұжымында ән саламын. Мерекеде әжелер ансамблі болып, кейде жеке өзім де ән шығаймын. Зейнетке шыққаным 15 жыл болды. 10 немерем, 12 шөберем бар. Жас кезімде өнерге қатты қызықтым. Ата-анадан жалғыз қыз болдым.

Ол кездері қызды қатты ұстайтын еді. Осылайша ән айтуыма қарсы болды. Десе де, барған жерімде, той-томалақтар да ән айтамын. Пікірлердің бірінде «Бірге жұмыс істесек, тағы да әндеріңізді күтеміз, бейнероликтер түсірейік» деген ұсыныстарды да көзім шалды. Бірақ оған күш-қайратым қайда. Егер денсаулығым жараса, жаңа әндерді де дүниеге әкелерміз», – дейді әжей.

РАМАЗАН-2023

«ОРАЗАҒА ҚАТЫСТЫ 200 СҰРАҚ»: оқырмандар назарына кезекті жеті «сұрақ-жауаптан» тұратын топтаманы ұсынамыз.

ОРАЗА ҚАБЫЛ БОЛСЫН, ҰСТАҒАН ЖАН!

МЕЙІРІМ МЕН ІЗГІЛІК АЙЫ

Адамзатты рухани тазаруға және жан-жақты кемелденуге бастайды

(Басы өткен сандарда)

- Ораза ұстаушының ұмытып тамақ жеп тұрғанын көрген адам не істейді?
- Егер жас не бойында оразасын жалғастыра алатындай әл-ауқаты бар кісі болса, оған ескерту міндет. Ал әл-ауқаты жоқ яки үлкен жастағы қарт адам болса, үндемеген абзал. Себебі, хадисте: «Өйткені, оған жегізген де, ішкізген де Алла», – делінген (Бұхари, Мұслим).
- Көзге, құлаққа және мұрынға дәрі тамызу оразаны бұза ма?
- Көзге дәрі тамызу оразаны бұзбайды. Ал мұрынға және құлаққа дәрі тамызу оразаны бұзады. Демікпе ауруы, аллергиясы бар кісілер тыныс жолдарын ашу үшін спрей қолданса және спрейді мұрынға шашқанда өңеш арқылы ішке кірмей мұрын қуысында не тыныс жолдарында қалатын болса, оразасы бұзылмайды. Десе де, оразаның бұзылу қаупі жоғары болғандықтан бұл дәрілерді мүмкіндігінше сәресіге дейін, не ауыз ашқаннан кейін қолданған дұрыс.
- Оразада тіс пастасын қолдануға бола ма?
- Тіс пастасын пайдалануға болады. Алайда, мақруһ болып есептеледі. Пастамен тіс тазалағанда дәмі толықтай ауыздан кетпейінше түкірігін жұтуға болмайды. Тіс пастасының асқазанға түсуі оразаны бұзады. Тазалап болған соң ауыз шайғанда су кетіп қалмауын қадағалау қажет. Ең дұрысы, тіс пастасын ауыз бекіткенге дейін пайдалану.

- Рамазан айы 21 сәуірде аяқталады.
- Сәуірдің 17-інен 18-іне қараған түн – Қадір түні.
- 21 сәуір – Ораза айт мерекесі.
- Биыл пітір садақа мөлшері – 535 теңге.

- Соңғы кездері тісім жиі қанап кете береді. Қанаған мезетте аузыма түкірігімді жинап түкіріп тастаймын, кейде ұмытып кетіп жұтып қоямын. Осындай жағдайда ораза бұзыла ма?
- Тіс қанаған жағдайда қанның көлеміне қаралады. Дәмі білінбейтіндей дәрежеде түкіріктен аз мөлшерде болса, ораза бұзылмайды. Мұндай жағдайдан сақтану қиын. Алайда, қанның көлемі түкірікпен бірдей не одан көп болса және оны жұтатын болса, ораза бұзылады. Кейін қазасын өтеу қажет болады. Сондықтан қолдан келгенше сақтанған жөн.
- Ораза кезінде моншаға түсуге бола ма?
- Ораза кезінде моншаға бармаған дұрыс. Өйткені, адамды әлсірететіндіктен және парда отырғанда ішке су кіріп кету қаупі жоғары болғандықтан ораза уақытында бармаған дұрыс. Сондай-ақ, моншадан кейін шөлдеу, әлсіреу жағдайы орын алатын болғандықтан оразаның бұзылуына себеп болуы мүмкін.
- Ораза кезінде суға шомылуға бола ма (душ, ванна)?
- Иә, жалпы шомылуға болады. Алайда, қажет жағдайда ғана. Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ораза кезінде ыстығын басу үшін басына су құйған (Әбу Дәуід). Бірақ ауыздан және мұрыннан су кіріп кетпеуін қадағалау шарт. Себебі, мұрыннан не ауыз қуысынан бір тамшы болса да су кірсе әрі суды жұтса, ораза бұзылады. Ал көлге, өзенге және су толтырып ваннаға түспеген абзал. Себебі, суға сүнгіп шомылғанда мұрыннан не ауыздан су кіріп кету қаупі өте жоғары.
- Ораза уақытында ауызды сумен жай ғана шаюға бола ма?
- Ораза кезінде ауыз қуысы мен мұрынды сумен шаю оразаны бұзбайды. Бірақ жұтып қойса, бұзылады. Сол күнгі оразаның қазасын өтейді. Хадисте: «Оразадан тыс кезде мұрынды жақсылап шай», – делінген. Демек, оразада ғұсыл яки дәрет алғанда, ауыз-мұрынды шайғанда тамақтан су өтіп кетпеуіне мұқият болуы ләзім.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Жалғасы бар).



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУ

«ӨРЛЕУ»

дарынды жастарды дәріптейді

А.Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесінде 4–9 сәуір аралығында хореографиялық оқу орындарының VIII «Өрлеу» халықаралық байқауы өтті.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Хореографиялық оқу орындарының VIII «Өрлеу» халықаралық байқауы әлемнің жетекші балет мектептері арасындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту және нығайту мақсатында 2008 жылы құрылған. Содан бері байқаудың басты міндеті – хореографиялық оқу орындары арасында кеңінен тәжірибе алмасуды жүзеге асыру, хореографиялық өнер саласындағы жас дарындарды анықтау, орындаушылық шеберлікті арттыру, классикалық, халықтық және заманауи билердің озық дәстүрлерін дамыту, хореографиялық өнер саласындағы жас таланттарды дәріптеу. Сондай-ақ, Қазақстанның хореографиялық білімі мен өнерінің әлемдік аренадағы имиджін ілгерілету және бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады.

2018 жылы байқау ЮНЕСКО қамқорлығымен өтетін балет байқауларының Халықаралық федерациясының мүшесі мәртебесіне ие болды, ал федерация төрағасы – аты аңызға айналған Юрий Григорович. Жыл сайын байқауға қатысушылардың саны да, ауқымы да артып келеді. Әр жыл сайын шамамен 150-ден астам өнерпаз бақ сынаиды. Биыл байқауға Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей, Оңтүстік Корея және т.б. елдерден қатысушылар келді.

Байқаудың хореографиялық білім беру саласында маңызды дидактикалық миссиясы бар. Ұйымдастырушылар байқаудың әрбір жаңа маусымын Қазақстанның хореография өнерінің көрнекті қайраткерлеріне арнайды. Мәселен, хореографиялық оқу орындарының «Өрлеу» халықаралық байқауының VIII маусымы қазақтың тұңғыш кәсіби балеринасы, Қазақ КСР халық әртісі Сара Ыдырысқызы Көшербаявның 90 жылдығына арналды. Сонымен қатар, «Қазақ хореографиялық өнері мен білімінің көрнекті қайраткерлері» және «Ұлттық хореографиялық өнер мен білімнің өзекті мәселелері» тақырыптарында «Селезнев



оқулары» атты халықаралық ғылыми-зерттеу конференция өтті. Конференцияда 2023 жылы мерейтойлары атап өтілетін балет қайраткерлері Д.Т.Өбіров (100 жас) және Б.Г.Аюханов (85 жас) шығармашылықтары туралы да баяндамалар жасалды. Алматы, Өзбек және Бішкек хореографиялық училищелерінің оқытушыларының қатысуымен конференцияның «Қазақ, қырғыз, өзбек билері мысалында түркі халықтарының халық билерінің ұқсастығы мен айырмашылықтары» тақырыбындағы практикалық бөлімі өтті.

Байқау аясында Қазақстанның және шетелдің хореографиялық өнерінің жетекші мамандарының шеберлік сабақтары мен семинарлары ұйымдастырылды. Оның ішінде Францияның «Ruée des Arts» би тобының «Costard» спектаклінің қойылымы мен заманауи хореография бойынша шеберлік сыныбы бар. Айта кеткен жөн, байқаудың тарихында алғаш рет финалдық турлар, сонымен қатар гала-концерт жаңадан ашылған Almaty Theatre сахнасында көрермендердің қатысуымен өтті.

«Классикалық би», «Халық биі», «Заманауи хореография» номинацияларын жеңіп алған өнерлі жастардың көзінен ұшқынды көріп қуандық. «Көрермен көзайымы», «Жас дарын» және «Жеңіске деген құлшыныс» сыйлықтары да жасөспірімдерге шабыт сыйлады деп ойлаймыз. Байқау Almaty Theatre сахнасында байқау жеңімпаздарының салтанатты гала-концертімен аяқталды.

«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

КҮЙШІЛІК ӨНЕР

Оңтүстік өңірдің музыкалық мұрасы жайында кең ауқымда сөз қозғалды

Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында «Дәстүрлі музыкалық өнер» кафедрасының ұйымдастыруымен «Оңтүстік өңірдің музыкалық мұрасының зерттелу, жинақталу мәселелері және күйші Оразбек Сәрсенұлының туғанына 100 толуына орай» «Дөңгелек үстел» басында әңгіме-диалог ұйымдастырылды.

Аталмыш мәдени шараға Дулат Исабеков, Ермұрат Үсенов, Ерболат Мұстафасов, Төлепберген Токжанов, Айжан Бердібай сынды жазушы, өнер қайраткерлері, зерттеушілер қатысты.

– Қазақтың музыка өнерін зерттеу А.Затаевич, А.Жұбановтардан бастау алып әлі жалғасып келе жатыр. Аз зерттелді деп айта алмаймыз. Ауыз толтырып айтатын еңбектер жетерлік. Әсіресе, тәуелсіздік алған жылдары ұлттық музыканы зерттеу мен жинақтау мәселесі қарқынды жүрді. Көптеген сүбелі еңбектер жарық көрді. «Қазақтың 1000 күйі», «Қазақтың 1000 әні» антологиялары, «Аманат» (500 күйден тұратын антология) сынды ауқымды жинақтар болды. Алтай–Тарбағатай, Сарыарқа, Қаратау, Жетісу, Маңғыстау, Сыр өңірлерінің музыкалық мұралары кешенді зерттелді, көптеген игі істер атқарылды. Дәйтұрғанмен де, әлі күнге дейін зерттеу



нысанасынан тыс қалып, кенжелеу қалып келе жатқаны – Оңтүстік өңірдің музыкалық мұрасы. Кезінде Райымқұл Темірбаев «Қазығұрт әуендері» деген кітапта осы өлкенің 100-ге тарта әнін жинақтап, жариялаған болатын. Осы бастама көп уақыт жалғасын таппады. Майлықожа, Мәделі қожа, Күдері қожалардан жалғасқан термешілік өнер өзіндік әуендік, мақамдық ерекшелікпен қалыптасқан, Ақбала, Шолақ, Еспан, Оразбек, Шағдар күйшілерге ұласқан дәстүрлі күйшіліктің арналы мектебі түбегейлі зерттелмей жатыр деуге болады, – дейді ҚР мәдениет қайраткері, күй зерттеушісі Мұрат Әбуғазы.

Аталған «Дөңгелек үстелде» алғаш рет Оңтүстік өңірдің музыкалық мұрасы жайында кең ауқымда сөз қозғалды. Көптеген келелі ой, ұсыныстар айтылды. Күйлер тартылып, әндер айтылды.

Нұр ЖАМАЛ.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ



ДОСТЫҚ ҮНІ

Қазақ-қырғыз зиялыларының кездесуі өтті

Алматыда Қазақстан Жазушылар одағының кітапханасында қазақ-қырғыз елдері ақын-жазушыларының басын қосқан «Достық үні» тақырыбында іс-шара ұйымдастырылды.

Аталмыш іс-шараны ақын Берік Байылов ашып, алғашқы құттықтау сөзді Қазақстан Жазушылар одағы кітапханасының меңгерушісі Елена Ағайсаға берді. Алқалы жиында Әлем халықтары жазушылар одағының бастамашыларының бірі, одақтың төрағасы Гүлхан Айтақынқызы баяндама жасады. Одақтың құрылуының бірден-бір бастамашысы, алғашқы төраға, ақын Қайрат Дүйсен-Парманды еске алып, оның еңбектеріне айрықша тоқталып өтті. Ол құрылғанына аз ғана уақыт болса да көп іс тындырып үлгерген одақтың ішкі жұмыстарына кеңінен тоқтала келе, сыртқы елдер жазушыларымен ынтымақтастықта атқарылып жатқан жұмыстар төңірегінде егжей-тегжейлі айтып берді.

Өзара ынтымақтастықта өткен салиқалы жиында екі жақты меморандумға қол қойылды. Оған Қазақстан жағынан Әлем халықтары жазушылар одағының төрайымы Гүлхан Айтақынқызы, ал Қырғызстан тарапынан «Рух-бейне» халықаралық шығармашылық академиясының президенті Қайыргүл Сыдықанова қол қойды. Іс-шара соңында Қырғызстаннан келген бір топ ақын-жазушы Әлем халықтары жазушылар одағының дипломдары, Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттарымен марапатталды. Сондай-ақ, олар сол одаққа мүшелікке қабылданды. Келелі жиын екі елдің өнерпаздарының концертімен өрнектелді.

Ақтолық ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

ТАЗАРҒЫҢ КЕЛСЕ, ТЕАТРҒА БАР

«КАССАНДАР ТАҢБАСЫ»

футуристік трагедиясының премьерасы өтті

Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының сахнасында классик жазушы Ш.Айтматовтың «Кассандра таңбасы» футуристік трагедиясының премьерасы өтті.



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Спектакль адамзаттың рухсыздану мәселесі отбасылық құндылықтардың қадір-қасиетімен шендестіріле көрсетіледі. Қойылымда Филофей (космостық монах) рөлін Азат Сейтметов сомдады. Актер шымылдық ашылған сәтте-ақ бүкіл адамзатқа ортақ күнә акырзаманға алып баратынын ескертетін этюдтерді көрерменге шынайы жеткізді. Қойылымда Филофей шараның қарсылық белгісін ғарыштан зондаж сәулелер жіберу арқылы анықтап, оған «Кассандра таңбасы» деп ат береді. Бұл XX ғасырдың ойға келсе де, ақылға сыймастай оқиғасындай көрінді. Ал мейірімді Рунаны Жанар Жанаманова ойнады. Режиссер кейбір оқиғаны бүгінгі жағдаймен ұштастырған, өзінше ой-шешімін ұсынған. Небір апаттардың бастауы – тексіздік. Айтматов өсиеті бүгін де аса өзекті екендігін ұғындық.

«Спектакльді сахналауға ұзақ уақыт дайындалдық. Актерлік құрамға алғысымды білдіремін. Қойылымды көпшілік түсіне қоймауы мүмкін. Біз қойылым арқылы адамдардың бір-біріне деген сүйіспеншілігін

арттырғымыз келеді. Сондай-ақ, жасанды түсік тастаудың әсерін, қаупін жеткізгіміз келді. Болашақ ұрпағымыздың өміріне жауапкершілікпен қарап, сүйіспеншілік танытқанын қалаймыз. Қойылымның ойлы-қырлы сәттерін көрермен түсіністікпен қарап, біздің жазушының айтқысы келетін ойын түсінсе дейміз», – дейді режиссер Аридаш Оспанбаева.

Сонымен қатар, спектакльде президенттікке үміткер саясаткер мен генетика ғылымын зерттеп, Нобель сыйлығын алған ғалым Робертс арасындағы қарым-қатынас та сенімді суреттеледі. Кейіпкердің билікке жету жолында тіпті достық пен сыйластықты бір сәтте сатып кете салу секілді әрекеттері осы заманмен де үндесіп жатқандығын сенімді жеткізе алған.

«Мен басында шығарманы дін жайлы болатын шығар дедім. Шынымды айтсам, Шыңғыс Айтматовтың осындай шығарманы жазып қалдырғанын білмедім. Ерекше сезімге бөлендім. Романда адамзат қоғамы үшін аса маңызды үлкен мәселе көтерілген. Ол – ғылымның жалпы қоғамға, халыққа қызмет етіп, дұрыс жолда дамуы.

Өкінішке қарай, ғылым мен техниканың жетістіктерін түрлі айла-амалдармен халықты бағынышты ұстау, керек десеңіз, күш қолданып, қырып-жою құралына айналдыру да өмір шындығына айналып отыр. Драматургиялық ұшағы сақталған, композициялық жүйесі берік хәм үйлескен материалды көрдім. Актерлік ансамбльдің мақсаты айқын, режиссер мен спектакльдің көркемдік мүшелерінің еңбегін көрдім. Образдар жүйесі айқын», – деді Досымжан Серік есімді көрермен.



ТАҢЖАРЫҚ ЖОЛДЫҰЛЫ – 120

БІЗ ОСЫ ТАҢЖАРЫҚТЫ БІЛЕМІЗ БЕ?

Әділғазы ҚАЙЫРБЕКОВ,
ақын, С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің
әдеби-мемориалдық музей кешенінің жетекшісі,
филология ғылымының кандидаты

Бар болғаны 44 жыл ғұмыр кешіп, оның 7 жылын түрмеде өткізген ақынның жырларында зар да бар, мұң да бар, сағыныш та бар, торығу да бар, үміт те бар. Ол азаттық пен бостандықты, бейбіт қоғамды армандап өткен ақын. Аз уақыт Қазақстанда болып, Абай, Ыбырай, Мағжан жырларымен мол сусындаған.

Сөзімнің түбін ойла енді, елім...

Таңжарық Жолдыұлы Алаш арыстарының арман-мүддесімен ұштасқан бағыт-бағдары шығармашылық жолын анықтап берсе де, сол жолда кытай өкіметінің түрме азабын молынан тартқан боздақ.


«Зұлымға рас қарсы тұрғанымыз,
Ол да рас, құпия ұйым құрғанымыз.
Кекпенен қолымызға құрал алып,
Желкеден гоминдаңды ұрмағанымыз.
Келсеңдер Үрімжінің қаласына,
Көзің сал қалтарыс, сай-саласына.
Осыны өле-өлгенше ұмытпа деп,
Тапсырып кет балаңның баласына...
Көргенін атасының оқып көрсін,
Кектеніп, көзін салып, көңіл бөлсін!
Бабамның тарихы деп табын танып,
Залымнан кегін алып, қолында өлсін!
Келеді түн орнына жарық сәуле,
Сенемін, емес мұным бекер зуре.
Сөзімнің түбін ойла енді, елім,
Қолыңа осы сөзім тисе зауде», – деп ол болашақ ұрпаққа аманат жырларын қалдырған.

Жырымен тар қапасты талқандаған

Қазақ оқырмандарына Таңжарықтай ақын туралы, оның қамау-қапаста жазылған жырлары туралы алғашқы хабарды жеткізген қазақтың халық жазушысы Сәбит Мұқанов болатын. Ол 1956 жылы Қытай еліне іссапармен баруға сәті түскенде қатты қуанады. Көкейінде Шоқанның ізі қалған Қашқарияға соғу, шекараның арғы жағындағы қазақтармен, қырғыздармен тілдесу, тұрмыс-тіршіліктерін өз көзімен көріп, ойға түйгендерін қағазға түсіріп, оқырмандарына жеткізу болғаны анық. Қытайлықтардың өмірінен кеңірек сыр шертуді де діттеді. Сол сапардан соң көп ұзамай өзінің «Алыптың адымдары» деген жолжазбасын кітап қылып шығарды (1959). Осы кітапта ол Шыңжаң өлкесінде болғанда қасына еріп жүрген Бұқара Тышқанбаевтан Таңжарық туралы біраз мәлімет алғанын жазады. Бұқараның әйелі, Таңжарықтың туған қызы – Сараны көреді. «Халық бостандығы үшін күрескен адамдардан қолына түскен кісіге ШыңШи-цай бандаларының қандай азап көрсеткеніне Шыңжаң ақыны Таңжарық Жолдыұлының өлеңдері куә», – деп Талкының асуында тұрып тыңдаған Таңжарық өлеңдерін барлық бояуын сақтап жеткізген.

Ақын тағдыры немесе тағдырлы ақын

1993 жылы Таңжарық ақынның 90 жылдық тойы Алматыда, содан соң Алматы облысының Нарынқол ауданындағы Қақпақ ауылында аталып өткені есімізде. Академик Зейнолла Қабдолов бастап барған бір топ ақындар мен жазушылар, ғалымдар алдымен Қарасазға соғып, Мұқағалидың музейін аралап көріп, одан соң Қақпаққа аттанғанбыз. Қақпақта өткен үлкен жиында



З.Қабдоловтың тебірене де толғана Таңжарық туралы баяндама жасағаны жадымызда. Ол сонда: «**Ақын лирика, толғау, мысал өлеңдер, дастан, өлең роман, қисса, айтыс өлеңдерден халқына отыз мың жолдай мұра қалдырған. Осы туындылары арқылы ол Абайдың, Ахмет, Шәкәрім, Міржақып, Мағжандардың Қытайдағы қазақ бауырлар арасынан көктеген рухани жалғасы, салалы бұтағы екендігін танытты. Қытайдағы қазақтардың жазба әдебиетінің негізін қаласып, көш бастаған аймүйіз серкесі болды. Әлеуметтік, қоғамдық, өзге де өнегелі жұмыстарының нәтижесінде олардың бүгінгі дамыған баспасөзінің, оқу-ағартуының да негізін қаласты. Таңжарық ақын, қоғам қайраткері ғана емес, әнші, композитор, халықтың сал-серілік дәстүрін жалғастырушы**», – деген еді. Ақын тағдыры немесе тағдырлы ақын туралы әңгіме тиегі ағытылғанда Қабдеш Жұмаділов, Рымғали Нұрғалиев, Марфуға Айтқожина, Құрманбай

Таңжарықты тану –
жырлары түрменің
тас қабырғаларын
талқандап жарып
шыққан ақынды
тану деген сөз.

Толыбаев, Сейдәлім Тәнекеев, Оразақын Асқар, Еркін Ібітанов, Шәймерген Әлдибеков қатарлы сөз тізгінін ұстаған азаматтар алғаусыз көңілден ақтарыла ой бөліскен, сыр бөліскен болатын. Қысқа өмірінің екі жылын Таңжарық осы Қақпақта өткізіпті. Қойдым қызбен айтысқаны, Нұриламай айтысқаны сол тұс.

«Қазақ поэзиясына құйып жатқан ұлы арна»

Таңжарық шығармашылығын көп жылдар бойы зерттеп, зерделеп жүрген ауыл мұғалімі, ақын Тілеужан Сақалов сол айтыстарды жатқа соғатынының куәсі болып, қол соққанбыз. Одан бері де зымырап отыз жыл өтіпті! Бұл жылдар босқа өткен жоқ. Жазушы Тұрлыбек Мәмесейіттің «Таңжарық» романы жарық көрді. Ақын-

Таңжарықты тану –
заман мен қоғам
қысастығынан
жазықсыз жапа
шеккен қазақты тану
деген сөз!

ның жыр кітаптары баспадан шықты. Естеліктер мен зерттеу мақалалар жазылды. Тұрсынбек Кәкішұлының «Таңжарықты бастан-аяқ түгел оқыған адам оның қазақ поэзиясына құйып жатқан ұлы арналардың бірі екеніне еш шүбә келтірмейді. Таңжарық түрме туралы жырларында тек өз қасіретін ғана айтып қоймай, өзімен тағдыр-талайы бір Ахмет пен Міржақыптың, Мағжан мен Ілиястың, Сәкен мен Бейімбеттің де сыртқа шығара алмай кеткен кекті ашуын қоса жырлағандай әсер қалдырады», – деген пікірі де ойландырады.

Ақынның «Түрме халі» дейтін толғауын бей-жай оқу мүмкін емес. Көзіңе жас, көмейіңе өксік тығылады.

«...Дөңгелек бір тақтай бар қалың шапқан,
Бетіне қанмен сырлап, бояу жаққан.
«Жалаңаш құйрық қойып отыр» – дейді,
Қаратып ұшын өрге шеге қаққан.
Көмірге отырғызып ұсақ шағып,
Қан деген май құйрықтан судай ағып.
Үртіңе ши жүгіртіп боздатқанда,
Шыбын жан шығып кетпей тұрсын нағыз?!
Адамның жаны кетіп денесінен,
Құйрықты алсаң жұлып шегесінен.
Тәңірге дауысың жетіп зарланасың,
Тырнақтың ине сұқса көбесінен».

Тор ішінде аласұрған арыстан

Осы орайда ойыңа атақты Мәди Бапиұлының орыс отаршылдарынан тартқан қорлығы оралады. «Абақты қатар-қатар болады екен // Ішіне жақсы, жаман толады екен // Ішіне абақтының кіріп барсаң // Көңілің су сепкендей болады екен!», – дейтін еді ғой ол. Таңжарықтың көрген азабы мен тартқан тозағы қаншалықты ауыр болғанын салыстыра қарап-ақ ұғынасыз. Түрменің аты – түрме. Таңжарық өзін ғана емес, соңында қалған туыстарын ойлай қамығып отырып, елінің ертеңі не боларын уайымдайды.

«Баспана – жыртылған қос, сауын жалғыз,
Не болар кемпір менен шалым менің.
Аударып феодалдық өктемдікті,
Қай уақытта атар екен таңым менің.
Қапаста шырылдаған бозторғаймын,
Бұлбұлдай естілер ме әнім менің.
Еске алса езілгендер зұлымдардан,
Түрленер еді сонда сәнім менің.
Көксеген арманым жетіп өлсем,
Шірімес қабырда да тәнім менің».

Ойымызға фашистердің Моабит түрмесінде жатып, рухты жырлар жазған татардың қайсар ақыны Мұса Жәлел оралады. Таңжарық та тор ішінде аласұрған арыстан еді ғой. Арыз-арманын жырларымен жеткізіп кетті:

«Дүние әлеміне созамын қол,
Адасқан мен бір ғаріп таба алмай жол.
Торланып біздің басқа түсті тұман,
Айықсын алдағы күн, тілегім сол», – деді ол.

Таңжарықты тану – заман мен қоғам қысастығынан жазықсыз жапа шеккен қазақты тану деген сөз, болашақ ұрпаққа аманат жырлары түрменің тас қабырғаларын талқандап жарып шыққан ақынды тану деген сөз.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ДЗЮДО

ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНДА – ҚАЗАҚСТАН!

Біздің дзюдошыларымыз Азия кубогында жалпы медаль бойынша бірінші орын алды

Алматыдағы «Балуан Шолақ» атындағы спорт сарайында 7–9 сәуір аралығында дзюдодан жасөспірімдер мен жастар арасында Бекет Махмұтовты еске алуға арналған Азия кубогы өтті.

Жарыстың ашылу салтанатына Қазақстан дзюдо федерациясының президенті Қуанышбек Есекеев, Алматы қаласы спорт басқармасының басшысы Ерден Хайруллин және Халықаралық дзюдо федерациясының (IJF) рефери бас директоры Даниэль Ласкау қатысты.

Жаңа өмірге жол ашады

Грузия, Греция, Қырғызстан, Латвия, Моңғолия, Тәжікстан, Түркіменстан, АҚШ, Өзбекстан және Қазақстаннан 680 дзюдошы қатысып, бақ сынады. Алғашқы жарыс күнінде-ақ, жасөспірімдер өзара мықтыны анықтады. Атап айтқанда, ұлдар 50, 55, 60, 66 және 73 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде, ал қыздар 40 кг, 44 кг, 48 кг, 52 кг және 57 келі салмақта күресті. Жарыстың бірінші күні Қазақстан құрамасы Азия кубогын 5 алтын, 2 күміс, 7 қоламен бастады.

«Бекет Махмұтовты еске алуға арналған Азия кубогын 6-рет өткізіп отырмыз. Жарысты осындай жоғары деңгейде өткізуге атсалысқан Алматы қаласының әкімдігіне, еліміздің Мәдениет және спорт министрлігіне өзіміздің және федерация атынан алғыс айтамын. Бұл жарысты ұйымдастыруда Халықаралық дзюдо федерациясы мен Азия дзюдо одағының қолдауы да ерекше болды. Жарысқа қатысуға келген алыс-жақын шетелдік құрама командаларға да көп рахмет! Достығымыз жалғасын таба берсін! Азия кубогы жас дзюдошылардың жұлдызын жағып, жаңа өмірге жол ашады деп сенемін. Барлық қатысушыға сәттілік, жеңіс тілеймін!», – деді отандық федерацияның президенті Қуанышбек Есекеев.

Жарыс нәтижесінде Қазақстан жастар мен жасөспірімдер құрамалары өз жас санаттарында медаль бойынша бірінші орын алды. Халықаралық дзюдо федерациясының (IJF) күнтізбесіне енген ресми рейтингтік жарысқа 2006-2007 жылдары дүниеге келген жасөспірімдер мен 2003–2005 жылдары туған жас татами шеберлері қатысты.

Шеберлікті шыңдау алаңы

«Жасөспірімдер мен жастар арасындағы Азия кубогы біздің жас спортшыларымыз



үшін шеберлігін шыңдауға жақсы алаң болды. Биыл тек Қазақстан емес, шетелден де қатысушылар қатары көбейді. Жарыс статусы – халықаралық дзюдо федерациясының күнтізбесіне енген ресми рейтингтік жарыс. Жарыстың ұйымдастырылуын IJF төрешілер директорлары Даниэль Ласкау мен Армен Багдасаров мырзалар, Азия дзюдо одағының (JUA) өкілдері жоғары бағалады. Азия кубогы аясында елімізде төрешілерге арналған семинар-емтихан өтті. Сондай-ақ, жарыс аяқталғаннан кейін Алматы қаласында осы жарысқа қатысқан құрамаларға арналған халықаралық жаттығу лагері ұйымдастырылады. Жастар – біздің болашағымыз. Сондықтан келешекте дзюдодан жақсы көрсеткішке қол жеткізу үшін бүгіннен осылай жасөспірімдер мен жастарға жағдай жасап, халықаралық жарыстарды көптеп ұйымдастыруымыз керек», – деп атап өтті Қазақстан дзюдо федерациясының бас хатшысы Асхат Жіткеев.

Қазақстан жасөспірімдер құрамасы Азия кубогында 9 алтын, 6 күміс және 12 қола жүлде еншілеп, жарысқа қатысқан 10 елдің қатарында көш бастады. 2-орынға Өзбекстан спортшылары жайғасса (5 алтын, 6 күміс, 14 қола медаль), Моңғолия өкілдері үшінші орынды қанағат тұтты (2 алтын, 1 күміс, 1 күміс).

Қазақстан құрамасы сапынан Нұрбол Асқар (50 кг), Нұрлан Исатаев (55 кг), Ер-



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ

Бекет Сапабекұлы Махмұтов – 2009–2012 жылдар аралығында Қазақстан Дзюдо федерациясының президенті, сондай-ақ, Азия Дзюдо одағының вице-президенті қызметін атқарған. Дзюдодан Бекет Махмұтов атындағы турнир 2017 жылдан бері Алматы қаласында дәстүрлі түрде өткізіліп келеді. Биыл 6-рет ұйымдастырылды.

кебұлан Орынбаев (66 кг), Еділ Ерболұлы (73 кг), Досбол Балғабай (81 кг), Шерхан Алпанов (+90кг), Зере Өтепқали (40 кг), Сәулемай Сағитжан (70 кг), Гүлдана Теңгелбаева (+70 кг) жеңімпаз атанды.

IJF ережесіне сәйкес Азия кубогының жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне рейтингтік ұпай қосылады. Жарыс жеңімпаздарына 100 ұпайдан берілсе, күміс жүлдегерге – 60, қола жүлдегерге – 40 ұпайдан беріледі. Ал бұл ұпайлар дзюдошыларға әлем чемпионатына қатысу мүмкіндігін алу үшін қажет. Сол себепті, Балуан Шолақ атындағы спорт сарайында өткен байрақты бәсеке жас татами шеберлері үшін аса маңызды.

Жастар арасындағы бәсеке

Бұл сынға Гонконг, Грузия, Греция, Қырғызстан, Латвия, Моңғолия, Тәжікстан, Түркіменстан, АҚШ, Өзбекстан және Қа-

зақстан құрамасының спортшылары қатысты. Осы жас санатында да Қазақстан 7 алтын, 6 күміс, 14 қола медальмен жалпы есепте 1-ші орын алды. Екінші орында Өзбекстан спортшылары орналасса (5 алтын, 7 күміс, 7 қола), үшінші сатыға Қырғызстан спортшылары (1 алтын, 5 қола) тұрақтады.

Әнұранымызды шырқатқан отандастарымыздың қатарында: Жанарыс Рахметқали (66кг), Әділет Алмат (73 кг), Мұхаммедали Мавлидов (90 кг), Ұлдана Үсейін (57 кг), Самалай Ерғалиева (63 кг), Ажар Асхат (70 кг), Карина Такиева (+78 кг) бар.

Азия кубогы аясында төрешілерге арналған халықаралық семинар-емтихан өтті. IJF мамандарының қатысуымен өткен семинар-емтихан нәтижесінде емтиханды сәтті тапсырған қазақстандық мамандар Самат Сапиев IJF International, Асхат Жіткеев пен Николай Иванов IJF Continental төреші атағына ие болды.

IV-ҚЫСҚЫ ЖАСӨСПІРІМДЕР ОЙЫНДАРЫ

АЛМАТЫ ҚҰРАМАСЫ – ҮЗДІК!



7 сәуірде Қазақстан Республикасының 4-қысқы жасөспірімдер ойындары аяқталды. Оған Қазақстанның 20 облысынан командалар қатысты. Жарыстар барлық облыста өтті.

Құрама командалар шаңғымен секіру, керлинг (4 пән), қыздар арасындағы шайбалы хоккей, ұлдар арасындағы шайбалы хоккей, биатлон, шаңғы жарысы, мәнерлеп сырғанау, конькимен жүгіру, шорт-трек, фристайл акробатика, фристайл-могул сынды 11 спорт түрінен бақ сынасты. Алматыда шорт-трек және шаңғымен секіру кезеңдері өтті.



ГРЕК-РИМ КҮРЕСІ



Астана қаласында өтіп жатқан грек-рим күресінен ересектер арасында Азия чемпионаты алғашқы жарыс күнінен кейін жалпыкомандалық есепте Қазақстан үшінші орында келеді.

АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫ БАСТАЛДЫ

жалпыкомандалық есепте Қазақстан үшінші орында келеді

Құрлықтық доданың алғашқы жарыс күнінде қазақстандық балуандар 1 күміс, 3 қола медаль алды.

Ел құрамасынан Нұрсұлтан Тұрсынов (87 келі) құрлықтық додада күміс жүлдегер болды. Ал Аманғали Бекболатов (55 келі) пен Мұхамедәлі Мамырбек (63 келі), Әлімхан Сыздықов (130 келі) қола жүлде алды. Ал Демеу Жадыраев (77 келі) 3-орын үшін сайыста қарсыласына есе жіберіп, жүлдесіз қалды.

Жалпыкомандалық есепте 4 алтын,

1 күміс жүлде жеңіп алған Иран құрамасы көш басында келеді. Одан кейін орынға 1 алтын, 1 қоламен Қырғызстан жайғасты. Кеше қалған салмақтарда жүлделер сарапка салынды.

Ел құрамасынан Ернұр Фидрахметов (60 келі), Алмат Кебіспаев (67 келі), Ибрагим Магомедов (72 келі), Диас Қален (82 келі), Олжас Сырлыбай (97 келі) бозкілемге шықты. Сондай-ақ, 11-12 сәуірде әйелдер арасында бәсекелер болмақ, ал 13-14 сәуірде еркін күрестен сайыстар өткізіледі.

Бетті әзірлеген Гүлжанат СЕМБАЕВА.



КЕРЕК ДЕРЕК



«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНАМЫЗ!



Алматы қаласының медициналық орталығына:

• ресепшн керек.
Жалақысы –160–180 мың теңге. Жұмыс кестесі – дүйсенбі–жұма сағат 08.00–17.00, сенбі сағат 08.00–13.00.
Тел.: 8 775 731 77 00.

«Maksat Med»-ке:

• жалпы тәжірибелік дәрігер;
• балалар дәрігері;
• медбрат керек.
Алматы қаласы, Алатау ауданы, Бәйтерек көшесі, 3-үй.
Тел.: 8 701 611 90 21.

№8 қалалық емханаға:

• учаскелік медбике;
• мектеп медбикесі;
• эпидемиолог-дәрігер керек.
Тел.: 8 747 555 93 25.

Авиатурагенттігіне:

• туризм бөліміне жетекші керек.
Әуезов көшесі, 48-үй.
Тел.: 8 707 696 90 34.

«ЛЭУ» фирмасына:

• көгалдандыру жұмыстарына жұмысшы;
• Д санатты жүргізуші керек.
Әуезов көшесі, 48-үй.
Тел.: 8 (727) 247-41-51.

«АЛЕЙРОН» ЖШС-не:

• бухгалтер-кассирлер;

• операторларға жігіттер;
• жеткізушілермен жұмыс істеуші маман;
• күзетші керек.
Марков көшесі, 69-үй.
Тел.: 8 777 113 42 43.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіне:

• департамент директорының орынбасары;
• ғимаратқа тазалықшы;
• әкішілік бөліміне басшы;
• бағалаушы-сарапшы;
• риск-менеджер керек.
Тел.: 8 (727) 291-34-35, 8 708 180 02 50.

«Degirmen» ЖШС-не:

• жүк тиеушілер;
• аула сыпырушы керек.
Тел.: 8 708 533 46 09.

Esentai Towers сауда үйіне:

• күндізге күзетші;
• күзетші керек.
Әл-Фараби даңғылы, 77/7.
Тел.: 8 700 747 06 32, 8 775 299 13 26 (WhatsApp).

«Садыхан Премиум» ЖШС-не:

• тауарларды қаттаушы;
• күзетші;
• фармацевт (орта дәрежелі).
Тел.: 8 (727) 251-55-61, 8 777 207 12 79.

НАК MEDICAL ЖШС-ға:

• офис менеджері;
• бухгалтер;
• жалақы жөніндегі бухгалтер;
• ЛФК-нұсқаушы;
• Фельдшер-лаборант керек.
Тел.: 8 777 824 55 71.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.

МОТОКРОСС



ТАРТЫСҚА ТОЛЫ МОТОЖОЛ

Алматыда мотокросстан Қазақстан чемпионаты өтті

Мотокросстан Қазақстан чемпионатының бірінші кезеңі Алматы облысының Қарғалы ауылында, ал екінші кезеңі Алматы қаласының «Қайрат» шағынау-данында өтті.

Батыл мотошабандоздардың жарысы Қазақстан автототоспорт федерациясының қолдауымен Алматының спортшылары жинаған қаражатқа ұйымдастырылып отыр. Чемпионаттың алғашқы екі кезеңінде еліміздің барлық өңірлерінен келген спортшылар бақ сынасты.

Ел ішіндегі чемпионат бірнеше санат бойынша өткізілді. Олар: «класс 65», «класс 85», «класс 250», «класс Ореп», «кыздар класы», «әуесқойлар класы», «арда-

герлер класы», «қытай-мото класы». Айта кеткен жөн, биылғы жарыста бірінші рет «кыздар класы» мен «қытай-мото класы» санаттары қосылып отыр.

Жалпы, жарыс нәтижесі бойынша Алматы мен Алматы облысының шабандоздарын басып озған, елордадан келген команда жеңіске жетті. Екінші орынды Алматы қаласының спортшылары, ал үшінші орынды – Теміртаудан келген спортшылар иеленді.

Досбол АТАЖАН.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТИНЕ 2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)

1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге, 6 айға – 3603,00 теңге, 8 айға – 4804,00 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)

1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге, 6 айға – 9723,00 теңге, 8 айға – 12964,00 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)

1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге, 6 айға – 2643,00 теңге, 8 айға – 3524,00 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*

* *бизнесіңіз мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*

* *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

«Almaty aqshamy» газетіне ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.
Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Lemon Land Lombard» ЖШС 2023 жылғы 28 сәуір, сағат 9.00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 251 А, 1-кеңсе, өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынтұмарлар, алқалар).
Лоттар саны – 260 дана.
Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.
Өтінімдерді «Lemon Land Lombard» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Төле би к-сі, 251 А, 1-офис немесе land@lmm.kz электрондық поштасы бойынша 2023 жылдың 25 сәуір, сағат 18.00-ге дейін.
Сауда-саттықты өткізу әдісі Голландтық.
Бағаны өзгерту қадамы – 2%.
Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 100 9010 телефоны бойынша алуға болады.

«Lemon LOMBARD» ЖШС 2023 жылғы 28 сәуір, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 181, 17 п., өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынтұмарлар, алқалар).
Лоттар саны – 880 дана.
Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.
Өтінімдерді «Lemon LOMBARD» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Әуезов көшесі, 181, 17-п. немесе lemon@lmm.kz электрондық поштасы бойынша 2023 жылдың 25 сәуір, сағат 18.00-ге дейін.
Сауда-саттықты өткізу әдісі Голландтық.
Бағаны өзгерту қадамы – 2%.
Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 117 90 10 телефоны бойынша алуға болады.



Бас директордың міндетін уақытша атқарушы –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-012.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы поштамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



ДАЛА ЗАҢЫ

Бұрын ат үстіндегі әртүрлі әдіс-тәсілдерді тек цирктен ғана көретінбіз. Соңғы кездері ат спорты жарыстарында шабандоздық өнер жиі байқалады. Қаладағы ат спорты кешендерінде үйрететін арнайы мамандар да бар.



АШАМАЙҒА МІНГІЗУ САЛТЫ

Оны қазіргі жігіттік өнермен (джигитовка) не байланыстырады?



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Күш пен жылқыны басқару өнері

Бұрын ат үстіндегі әртүрлі әдіс-тәсілдерді тек цирктен ғана көретінбіз. Соңғы кездері ат спорты жарыстарында шабандоздық өнер жиі байқалады. Қаладағы ат спорты кешендерінде үйрететін арнайы мамандар да бар.

XX ғасырдың 70-жылдарында спорттық ойындардың қатарына енген шабандоздық өнер вальтижорлықты алмастырған спорттың бір түрі ретінде енгізілген. Вальтижорлық – ат спорты пәні, онда спортшылар тобы гимнастикалық және акробатикалық жаттығулардан тұратын бағдарламаларды ат үстінде тұрып орындайды. Халықаралық ат спорты федерациясы мойындаған 10 ат спорты пәнінің бірі. Аталмыш пән АҚШ пен Еуропада, атап айтқанда Германия мен Швейцарияда өте танымал. Джигитовка – вальтижорлық спорттың жалғасы ретінде әлемдік спорт саласына енген киім өнер. Соғыс жылдарында ұрыс барысында ат үстінде әртүрлі іс-қимылдар жасалған. Уақыт өте келе сол қимылдарды өңдеп, циркте көрсетілетін акробаттық әдіс-тәсілдерге алмастырады. Яғни ат спортының әскери-қолданбалы түріне жатады. Аса қатты жылдамдықпен шауып келе жатқан аттың үстіне секіріп мініп, секіріп түсіп, атты айналып, тіпті бір жағынан екінші жағына ауысу сынды күрделі жаттығулар көрсету оңай емес. Шабандоз сол арқылы өзінің ептілігін, батылдығын, атқа ие болудың шеберлігін көрсетеді.

Джигитовка ежелгі заманда әртүрлі халықтар арасында

атқа міну өнері ретінде пайда болды деген де ақпарат бар. VI ғасырдағы Византия шежіресіне сәйкес, дала мен орман арасындағы шекарада өмір сүрген көшпенділердің жиі шабуылынан қорғану үшін славян тайпалары джигитовкамен айналысқан.

Жалпы, «джигитовка» атауы түріктің джигит – шабандоз, батыл шабандоз деген сөзінен шыққан. Кавказ және Орталық Азия халықтары жекпе-жек өнері ретінде қолданған.

Қазақтың қанында бар

Джигитовканы қазақ тілінде жігіттік өнер деп атап жүр. Ат спортының осы түрімен әуесқой ретінде айналысатын алматылық Бекзат жылқыны алғаш қолға үйреткен халық қазақ жерінде өмір сүргендіктен, бұл өнерді де ойлап тапқан – біздің ата-бабаларымыз деп санайды.

Атты әртүрлі әдістерге үйрету үшін де көп күш жұмсалды. Тіпті, 2-3 жылдың өзі аздық етеді дейді кәсіби спорт мамандары. Ат үстінде экстремалды ойын көрсетерде алдымен аттарды мұқият үйрету керек. Олар шабандоздың айтқанын орындап, спортшыға көмектеседі. Әдіс-тәсілдердің сәтті шығуы спортшы мен атқа байланысты. Ат пен шабандоздың байланысы мықты болуға тиіс. Күніне 2-3 сағаттық дайындық екеуінің бір-біріне үйренісуіне көмектеседі.

Қазаққа баланы ашамайға мінгізу деген бала өсіру және тәрбиелеуге қатысты ертеден келе жатқан, бүгінде кенже қалған ғұрып бар. Ертеде халқымыз ер балаларды сүндетке отырғызып, айдар қойып, алғаш атқа мінгізу рәсімін өткізетін болған. Мұны «ашамайға мінгізу», «ашамай тойы», кей

аймақтарда «атқа мінгізу тойы» деп те атаған. Кейбіреулер жігіттік өнерді (джигитовка) осы ашамайға мінгізу салтымен байланыстырады. Баланы тәрбиелеудің озық үлгісі саналатын бұл салтты Зейнеп Ахметова «Күретамыр» кітабында тарқатып жазады. «...Әрине, қазақ баласы үшін атқа міну таңсық емес. Халықтың тұрмыс-тіршілігіне, өмір сүру қалпына қарай көшіп-қонуы, жолаушы жүруі, басқа ауылға қонаққа баруы секілді жүріс-тұрыста бұлдіршіндер ат үстіндегі үлкендердің алдында екі-үш жасынан-ақ отырып үйренген. «Атқа мінгізем» десе, жылауын дереу тоқтататын қазақ баласы көзін тырнап ашқаннан жылқыға үйір болып өскен. Ал бір өзінің жеке тайға мінуі – бала үшін зор мәртебе, ол енді тізгін иесі» деп келтіреді.

Ат құлағында ойнау қазақтың баяғыдан бері қанында бар қасиет екені айдан анық нәрсе. Ертедегі қыпшақтарда жылқы театры болыпты. Демек, бүгінгі джигитовканың негізі қыпшақтар дәуірінде қаланды деген сөз. Жауынгерлік өнермен айналысатын жастардың қарасы көбейген. Жылқы адамзат өркениетіндегі, әсіресе, дала өркениетіндегі дамудың жарқын да елеулі көрсеткіштерінің бірі болады. Жылқыны қолға үйрете бастау арқылы көшпелі шаруашылық пен өркениет дамуының негізін қалады.

Ежелгі сақтар Алтайдан Дунай өзеніне дейінгі кең байтақ аймақта үйір-үйір жылқы өсіріп, ат құлағында ойнауды өнер дәрежесіне көтерген. Сақтардың балалары мен әйелдеріне дейін ат үстінде соғысу тәсілдерін жас кезінен жетік меңгеріп, көрген жұрттың зәресін ұшырған. Олардың қанқұйлы жорықтарынан соң Еуропада, Кіші Азияда, Жерорта теңізінің бойында, Мысырда атпен бірге жаратылған кентаврлар туралы аңыз тараған.


ӨМІРДІҢ ӨЗІ

РАХМЕТ

Құрбым екеуіміз сауда орталығында ұйымдастырылған викториналық ойынға қатысып, жұмсақ ойыншық ұтып алдық. Қайтар жолда әкесімен келе жатқан ақыл-есі кем баланы көрдік те, ойыншығымызды соған ұстаттық. Бала бізге «рахмет» деді. Әкесінің көзі жасаурап, жылап жібере жаздады. Сөйтсек, бала бірнеше айдан бері мүлдем сөйлемеген екен.

ДОСТЫҚ

Төрт ай бұрын дәрігерлер маған шашымның түсетінін айтқан. Шынымен де шашым түсіп, тақырланып қалды. Мектепке баруға, сыныптастарымның көзіне түсуден қорықтым. Маған бәрі саусағын шошайтып, күлетін сияқты болып көрінді. Ертеңіне есік қағылды. Ашсам, есік көзінде оншақты досым тұрды, бәрі шашын тақырлап алып тастаған. Олардың екеуі қыз бала еді...



ЖҮРЕК

Үйге таңға жуық оралдым. Кіреберістен «Құрметті көршілер! Бүгін шамамен сағат 9.20-да есік алдында 120 сомымды жоғалтып алдым. Тауып алсаңыздар, өтініш, әкеп берсеңіздер, 76-пәтер, Антонина Петровнаға. Зейнетақым 1640 сом» деген хабарландыруды көзім шалды.

Қалтамдағы бар ақшамды жинап,

қолыма 120 сомды қыса ұстап, жоғарыға көтерілдім. 76-пәтерден алдына фартук байлаған әжей шықты. Мені және қолымдағы ақшаны көре салып, бас салып құшақтай алды. Көзінде қуаныштың жасы бар. «Үн алуға шыққан едім. Подъезге таяп, кілтін алып жатқанда түсіріп алған болуым керек ақшамды», – деп салдырап әңгімесін айтып жатыр. Бірақ! Ақшамды алудан бас тартты. Себебі, мен осы жарты сағаттың ішінде әжейдің ақшасын «тауып алған» 6-шы адам екенмін. Адамдар, мен сіздерді жақсы көремін!

ДАҢҚ

Институттан келе жатып, «Авто-заводская» метробекетінің жанында отырған соғыс ардагерін көрдім. Алдына орден-медалдарын жайып қойыпты... Сұрапыл соғыста қан кешіп жүріп алған марапаттары. Тамақ алу үшін сатып

отырғанын ұқтым. Қалтамдағы ақшамды түгел шығарып ұсындым да: «Ата, менің ақшамды алыңызшы, бірақ арыңыз бен даңқыңызды оған тұрмайтын адамдарға тиын үшін сатпаныңызшы, өтінемін...» дедім тамағыма өксік кептеліп. Атай жылап қалды, ақшаны алды да, орден-медалдарын алақанына салып жатып сүйіп қойды сыртынан. «Рахмет, қызым!» деді көз жасын жасырып. Меніңше, әлемді осындай болмашы қадамдармен де өзгертуге болады.

ІЗГІЛІК

Менің інім 13-те. Ол қатерлі ісік ауруына шалдыққан. Інімді клиникада жалғыз қалдырмас үшін әкем бір жылға ақысыз демалысқа шықты. Бірақ жұмыс орны бір жыл бойына оған жалақысын төлеп тұрды. Жаңа Зеландия полициясында ғажап адамдар еңбек етеді!

Аударған Нұр ЖАМАЛ.